



Цикл уроков: Ораза қабыл болсын

Еркінбек Шоқай: Ораза қабыл болсын!

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

الحمد لله

و الصلاة و السلام على محمد ی

السلام علیکم و رحمة الله و بركاته

Құрметті жамағат, ардақты ағайын. Міне, елімізге, айлардың сұлтаны болған, құлшылықтың, ізгіліктің, қайырымдылықтың айы болған – Рамазан айы келіп жетті. Елімізге, әрбір отбасыға, әрбір мұсылманға Рамазан айы мүбәрәк, құтты болсын. Аллаһ Тағала бұл айда ұстайтын оразаларымызды, беретін садақаларымызды, жасайтын құлшылықтарымызды, әрбір ізгі амалымызды, жақсы сөзімізді еселеп жазып, қабыл етсін.

Бұл ай – жақсылықтың, ізгіліктің айы. Пайғамбарымыз ﷺ бір хадисінде айтады:

«Қашан Рамазан айы кірсе, онда аспанның (Жәннәттың) есіктері ашылады және тозақтың, жамандықтың есіктері жабылады, шайтандар кісенделеді».

Біздің ғұламалар айтады, демек, Рамазан айы келгенде, адамды Жәннәтқа апаратын істер жеңілдейді. Бұл айда әрбір істі, құлшылықты, игі, ізгі амалды еселеп, сауапқа жазады. Және бұл айда Аллаһ Тағала барынша тозаққа апаратын, адамды бақытсыз ететін істердің, жолдардың бәрін қиындатады. Себебі, адамды азғыратын шайтандар бұл айда кісенделеді. Сондықтан, осындай берекелі ай, жақсылыққа бізді бейімдейтін, шақырып тұратын айда

барынша ізгілікті, қайырымдылықты, жақсылықты жасауға пайдаланып қалуымыз қажет.

Сонымен қатар, Аллаһ Тағаланың тарапынан күнделікті бір шақырушы осылай адамзатқа, күллі мұсылман үмметіне ескертіп отырады екен:

«Уа, жақсылықты қалаушы. Сен көбірек жақсылыққа ұмтыла түс. Уа жамандыққа бет бұрушы, сен тосыл, тоқта», деп күнделікті ескерту келіп тұрады екен.

Сондықтан, біз Рамазан айында біздің жақсылыққа деген ниетіміз, пейіліміз арта түсетінін көреміз.

Бұл ай - оразаның айы. Бұл айды біз барынша таңның атысынан, күннің батысына дейін осы оразамен, яғни ішіп-жеуден, өмірдің басқа да қызықтарынан тосылып, тиылып өткізуіміз керек. Бір Аллаһ үшін. Пайғамбарымыз ﷺ хадисінде айтады:

«Кімде-кім Рамазан айының оразасын иманмен, Алладан сауапты үміт етіп ұстайтын болса, оның алдыңғы жасаған барлық күнәлары кешіріледі».

Біз таңертеннен кешке дейін өзімізді сәл аштыққа, осы өмірдің қызықтарынан тосылуға шыдатамыз, нәпсімізді сәл қинап уақытты өткіземіз, солай бүкіл жасаған күнәларымызды Аллаһ Тағала кешіреді. Сондықтан, егер біздің күнәларымыз жуылған, шайылған халде Алланың құзырына қайтатын болса, одан асқан қандай бақыт бар?!

Бұл ай – Құранның айы. Бұл айда мұсылман әлемі, үмметі көбірек Құранды оқумен, жаттаумен, түсініп ұғынумен өткізеді. Себебі Аллаһ Тағала Құранда айтады:

«Рамазан айы - сондай ай, Алланың тарапынан бұл айда Құран түскен».

Сондықтан біздің ғұламаларымыз, үлкен әулиелеріміз бұл айды көбірек Алланың Кәләмын

оқумен, үйренумен өткізетін болған. Құранды оқу – жай ғана бір кітапты оқумен бірдей емес. Хасан Аль Басри деген үлкен ғұлама, ілгері өткен әулие айтады:

«Кімде-кім Алламен тілдескісі келсе, онда ол Құранды көбірек оқысын».

Сондықтан біз Алланың Кәләмын, Құранды оқыған кезде біз Алла Тағаламен байланысқа түсеміз, Аллаһ Тағаламен тілдесеміз. Аллаһ Тағала сол кезде біздің дұға-тілектерімізді қабыл етеді, Өзінің Мейіріміне, қамқорына сол кезде бөлейді. Сондықтан, Рамазан айын біз осылай Алланың Кәләмымен өткізуге барымызды салуымыз қажет.

Рамазан айы - бұл құлшылықтың, намаздың, тарауықтың айы. Пайғамбарымыз ﷺ хадисінде айтады:

«Кімде-кім Рамазан айында кешкі уақытты, тарауық намазымен өткізетін болса, тарауық намазын иманмен, Алладан сауаптан үміт етіп, рахымды Пайғамбардан шапағат тілей отырып, оқып өткізсе Рамазан айын, онда оның алдыңғы жасаған барлық күнәлары кешіріледі».

Әрине, тарауық намазын, әдетте, карантиндік шектеулерді көрмей тұрған кезде, пандемия болмай тұрған кезде, мешітте, көптеген жамағатпен өткізетін едік. Ал енді, осы карантиндік шектеулер және осы пандемияның қауіпі, жұқпалы аурудың таралу қауіпі өмірімізді біраз шектеді. Сондықтан, тарауық намаздарын былтыр да, биыл да барынша үйде, отбасымызбен оқуға, өткізуге, отбасымызға осы намаз үйрете отырып, өткізуге әрекет жасайық. Аллаһ Тағала Рамазан айындағы әрбір құлшылықтарымызды, ізгі амалдарымызды қабыл етсін.

Рамазан айы – бұл сабырдың айы. Кімде-кім өзің сабырға, шыдамға, төзімге тәрбиелегісі келсе, осы Рамазан айын ұтымды пайдалансын. Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді:

«Рамазан айы - бұл оразаның айы. Кімде-кім Рамазан айында ораза ұстаса, ол надандыққа бармасын, ешкіммен ұрыспасын, ерегеспесін. Біреу келіп, онымен ерегесіп, тиісетін болса, сол кезде ол «Мен оразамын», деп жауап берсін», дейді.

Міне, Рамазан айында біреу бізге келіп ренжітуге, ерегесуге әрекет жасаған күннің өзінде, сабырға тәрбиелейтін ай. Сондықтан, нәпсімізді, тұла бойымызды, жан-дүниемізді шыдамға, төзімге, сабырға, көркем мінезге, тақуалыққа осы айда тәрбиелеп алайық.

Аллаһ Тағала осы айдағы барлық құлшылықтарымызды, ізгі амалдарымызды, оразамызды, бүкіл жасайтын қайырымдылық істеріміздің барлығын қабыл етсін, отбасымыз аман болсын. Келесі кездескенше Алланың амандығында болайық!

Ерсін Әміре: Сабыр мен сенімнің маңыздылығы

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

السلام عليكم ورحمة الله وبركاته

Құрметті көрермендер! Баршанызға Аллаһ Тағаланың игілігі мен сәлемі, жақсылығы болсын.

Қазіргі қоғамда адамдарды аурудан сақтау үшін вакцина егу мәселесі қатты қызу талқыланып жатыр, адамдарды вакцина салдыруға үндеп жатыр. Осы орайда біз адамға керек тағы бір иммунитетін күшейтетін, түрлі вирустарға қарсы қажет болатын дүние жайлы айтып кеткіміз келеді.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде адамды екі нәрседен жаратқандығын айтады:

«Мен адамды топырақтан жаратамын және қашан оған рух үрлесем, сендер періштелер оның артықшылығын мойындап, Адам атаға құрмет сәждесін жасаңдар».

Аллаһ Тағала осы аятта адамның екі нәрседен тұратындығын айтып жатыр. Біріншісі топырақ, екіншісі рух. Топырақ – бұл материалдық нәрсе болып табылады. Қазіргі біздің денсаулығымызды алып қарасақ та, ол материалдық нәрсе болып тұр. Яғни, денеміз ауырады, өкпеміз, жүрегіміз т.б. Бұның барлығына медициналық ем керек.

Ал енді адамның екінші жағы - рух. Адамның денесі, ағзасы ауырғандай, рух та ауруға шалдығады. Қазіргі уақытта түрлі вирустар көбейгендей, адамдар неше түрлі ауруға шалдығып жатыр. Тура солай рухани вирус та көп. Сол рухани вирусқа төтеп беретін адамда рухани иммунитет болу керек екен. Рухани иммунитет екі нәрседе болу керек. Өйткені адамды азғыратын екі нәрсе бар. Адамды тура жолдан тайдыратын дүниелер көп. Бірақ, барлығын жинап келген кезде екі түрге бөлінеді. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде осы жайлы айтады. Өзінің сүйікті, ізгі құлдары жайында:

«Біз оларды сабырлық танытқан кездерінде, және біздің аяттарымызға нық, күмәнсіз сенген кезде біз оларды тура жолға бастайтын басшылар, имамдар еттік».

Осы аятта Аллаһ Тағала адамның тура жолда болуына керекті екі нәрсені айтып жатыр. Бірі сабыр, екіншісі сенім. Өйткені адамды азғыратын екі нәрсе бар. Біріншісі адамның сенімін шайқалтатын, сенімін бұзатын дүниелер.

Қазіргі уақытта неше түрлі идеологиялар, өздерін дұрыс деп көрсететін әр түрлі көзқарастар бар. Кейбіреулер адам құқығы деп адамды азғыратын, азғындататын дүниені алға тартады. «Өмір былай болу керек, адамның құқығында жынысын ауыстыруына да рұқсат болу керек. Ол еркек болып тұрып еркекті таңдаймын десе, әйел бола тұрып әйелді таңдаймын десе де біз оған ерік беруіміз керек», деген секілді дүниелерді алға тартады. Тағы біреулер басқа бір идеологияларды алға тартады. Осындай түрлі дұрыс емес идеологияларға төтеп беретін адамда сенім болу керек. Яғни, сол адамның өзінің идеологиясы мықты болу керек. Өйткені, неше түрлі адамды адастыратын идеологиялар бар.

Адамды адастыратын екінші дүние, адамның нәпсісіне жақын болған, адамды азғыратын дүниелер. Адамға қыдырған жағады, неше түрлі ойын-сауықтар, құмар ойындары, зинақорлық, арақ қорлық, нашақорлық және т.б. дүниелер. Бұлардың бәрін алып қарасақ, олар адамның нәпсісіне жағатын дүниелер. Бұл идеология емес, адамды азғыратын, шарифаттың тілімен айтқанда адамның шәхуатын қоздыратын дүниелер. Оған төтеп беру үшін адамға сабыр керек.

Демек, адам осы екі нәрсемен қаруланса, дұрыс өмір сүре алады және оның рухани иммунитеті мықты болады. Біріншісі, идеологиясы мықты болу керек. Мен не үшін мұсылманмын? Не үшін менің сенімім дұрыс сенім? Басқа неше түрлі идеологиялар бар. Олардың қателігі қай жерде? Мен мұсылман болсам не үшін мұсылман болдым? Менің ұстанымымның дұрыстығын мен немен дәлелдеймін деп, адам өзінің сенімін дәлелмен қуаттау керек. Сол кезде неше түрлі пікірлер, идеологиялар айтылған кезде, исламға түрлі жала жабылған кезде, «Біздің дініміз ислам емес, ол арабтардың діні», деген секілді біреулер пікір айтса, тағы біреулер: «Ислам – әйелді құрметтемейді» десе, басқа біреуі: «Исламда адамның құқығы тапталған» деген секілді неше түрлі идеологияларды, жалаларды жауып, сіздің дінінізді бұзғысы келген кезде, соларға

жауап бере алатын, төтеп бере алатын сіздің идеологияңыз мықты болу керек.

Екіншіден, сізді азғыратын дүниелер келген кезде, нәпсіңізге жағымды, бірақ қоғамға, өзіңізге, ақіретіңізге, қоғамға зиян дүниелер келген кезде, соған төтеп беретін сізде мықты сабыр болу керек.

Осы екі нәрсемен қарулансақ, біз тура жолда боламыз, сол кезде қоғам – бақытты қоғамға айналады. Ендеше, өзіміздің, отбасымыздың, бала-шағамыздың идеологиясын, көзқарасын дұрыстайық. Екіншісі, оларды имани тәрбиелеп, азғындап кеткен, қоғамдағы адамды азғыратын дүниелерге төтеп беретіндей мықты сабыр қалыптастырайық.

Аллаһ Тағала баршаңызды, отбасыңызды, өзіңізді екі дүниеде бақытты құлдарынан етсін!

Ернар Мәжен: Жақсылықта жарысайық!

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

الْحَمْدُ لِلّٰهِ

وَالصَّلَاةِ وَالسَّلَامِ عَلٰی مُحَمَّدٍ

وَالسَّلَامِ عَلَیْكُمْ وَرَحْمَةُ اللّٰهِ وَبَرَكَاتُهُ

Қайырымсыз болса, ел азат. Аллаһ Тағала мұсылман баласына үнемі жақсылық жасауға, жалпы жақсылық жасау өмірдің мәні және сәні екендігін анық айтады. Құран Кәрімнің «Мүлік» сүресінің алғашқы аятында Аллаһ Тағала:

«Аллаһ Тағала өлім мен өмірді, қайсыларыңыздың жасаған жақсы істеріңіз көп болады екен деп жаратты».

Яғни, баршамыздың өмірге келіп, Аллаһ Тағаланың берген сыйымен өмір кешіп, өмірдің соңында Алланың жарлығымен жерге көмілген болсақ, осы екі арада, өмір мен өлімнің арасы,

оның сынағы, негізгі мақсаты – қайсыларынның жасаған жақсылықтарын көбірек болады деп жараттым, дейді Аллаһ Тағала.

Демек, біз бұл дүниеге келгендегі ең басты мақсатымыз – жақсылық, игілік, сауап жасау екен. Осылайша, қайсымыздың жасаған жақсылығымыздың көп болатындығын Аллаһ Тағала сынап, бұл өмір мен өлімді жаратқан екен. Пайғамбарымыз ﷺ өзінің бір хадисінде былай деген:

«Кімде-кім таңертен аман-сау оянса, денесіндегі әрбір буынға садақа беруге міндетті».

Бұл жердегі садақа деген күллі жақсылық атаулының баршасына қойылған жалпы атау. Ғалымдар есептеулері бойынша, жалпы адам бойында барлығы 360 буын бар екенін айтады. Демек, мұсылман баласы таңертен аман-сау оянса, осы денесіндегі буындар санындай жақсылық жасауға әрекет етуі тиіс. Пайғамбарымыз ﷺ хадисінің жалғасында:

«Кімде-кім көшеде кетіп бара жатқан, жүгін көтере алмай келе жатып, оның жүгін көтерісіп жіберсең - ол садақа. Адасып жүргендерге жол сілтеу - садақа. Көлігіне міне алмай жатқан жолаушыны мінгізіп жіберу - садақа. Тіпті, жерде жатқан адам баласына зиян тиетін тас немесе тікен секілді заттың өзің алып тастау - садақа».

Сонымен қатар, Пайғамбарымыз ﷺ :

«Жылы сөз, күлімдеу - садақа. «Ля иляха илляллах, субханАллах, Аллаһ Акбар» деп айту садақа. Ал егерде кімде-кім осыларды істей алмайтын болса, күн арқан бойы көтерілгеннен кейін екі рақағат дұха намазын оқитын болса, осы айтылғандардың барлығын істегендей сауап алады».

Қарап тұрсаңыздар, Пайғамбарымыз ﷺ осы адам баласы таңертен көзін ашқаннан бастап, кездескен әрбір адамға жасаған жақсы ісін садақаға балап, игілікке балап отыр. Ал енді баршамызға мәлім, күнде адасып жүрген кісіні, жүгін көтере алмайтын адамды, көлігіне міне алмай жатқан қартты біз күнделікті көре бермеуіміз де мүмкін. Ал енді кейбір осындай жағдайлардан мақрұм болсақ, күн арқан бойына көтерілген кезде 2 рақағаат дұха намазын

оқысақ, ин шаа Аллах сондай сауап алуға біздерге мүмкіндік туады. Ал енді, жақсылық жасау үшін қаншалықты ақылды, атақты, ғалым болу керек деген секілді кейбір сұрақтар туындауы мүмкін? Бұның ешқайсысы да қажет емес. Жақсылық жасау үшін тек ниет жеткілікті.

Пайғамбарымыз ﷺ айтады:

«Егерде кімде-кім жақсылық жасаймын деп ниеттенсе, алайда сол жақсылықты жасауға мүмкіндігі болмай қалса да, Аллаһ Тағала ол жақсылықты істеді деп жазып қояды. Ал егерде кімде-кім жақсылық жасаймын деп ниеттеніп, айнымай сол жақсылықты жасайтын болса, 1-10-ға дейін, тіпті 10-нан 700-ге дейін еселеп сауап жазады», дейді.

Хадистің жалғасында Пайғамбарымыз ﷺ :

«Кімде-кім жамандық жасаймын деп ниеттенсе, кейін ойынан айнып, бұның жамандық екенін түсініп, бас тартса, Аллаһ Тағала сол үшін де сауап жазады екен».

Міне, көп жағдайда біздер жақсылықты, игілікті қолымызда бір байлық пайда болған кезде немесе үлкен бір қызметке, маңсапқа барған кезде жасаймыз деп ойлаймыз. Сол үшін де ғалымдарымыз: «Аз кезде бере алмаған кісі, көп кезде әсте бере алмайды», дейді. Алланың алдындағы сауаптар көлеммен емес ниетпен есептеледі. Мысалы, бір кісінің мал-мүлкі, қаражаты көп. Сол қаражатының 1 миллион теңгесін жақсылыққа, қайырымдылыққа жаратса, қарапайым бір студенттің қалтасында 1000 теңге болып, сол 1000 теңгенің 100 теңгесін жақсылыққа жұмсайтын болса, мүмкін миллион теңгесін жұмсаған кісі мен 100 теңгесін жұмсаған студенттің сауабы бірдей болуы мүмкін. Өйткені, екеуінің де ниеті жақсылық жасау, және өздерінің шамасына қарай жақсылық, игілік, сауап жасаған болып есептеледі.

Пайғамбарымыз ﷺ келесі бір хадисінде:

«Сіздердің ең жақсыларыңыз өзгеге пайдалы болғандарыңыз», дейді.

Осылайша, Пайғамбарымыз ﷺ мұсылмандардың ішіндегі ең жақсысын, өзгеге пайдалы болғандығымен өлшеп тұр. Осы жақсылардың, игілердің қатарында болғымыз келсе, өзгелерден еш пайдамызды аямауымыз керек екен. Ал егер де пайда тигізетін мүмкіндігіміз бомласа, жоқ дегенде ешкімге зиянымыз тиіп кетпеу керек екен.

Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларына жақсылық жасауды, садақа беруді үндеді. Сол кезде бір сахаба: **«О Алланың Елшісі, менің садақа беретін ешқандай мүмкіндігім, қаражатым жоқ дейді»**. Сол кезде Пайғамбарымыз ﷺ: **«Тауға барып отын шап. Оны базарға апарып сатқан кездегі түскен қаражатына бала шағанның нәпәқасын ал, қалғанын садақаға бер»**, дейді. Сонда бір сахаба: **«О Алланың Елшісі, менің ондай да мүмкіндігім жоқ»**, деген кезде Пайғамбарымыз ﷺ: **«Олай болса ешкімге зиянын тимесін»**, дейді. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ мұсылман кісі ешкімге не қолымен, не сөзімен зияны тимеген адам деп айтқан екен. Келесі бір хадисінде Пайғамбарымыз ﷺ былай деген:

«Қырық түрлі жақсылық бар, адамды жәннәтқа жетелейді. Соның ең жақсысы біреуге сауылатын ешкі беру», деген.

Қарап тұрсаңыздар, жақсылықтың үлкен кішісі болмайды. Жасалған әрбір жақсылық өзіңіз үшін, ақіретіңіз үшін бір капитал, инвестиция болып есептеледі. Мысалы, егін егіп жатқан кісіні мүлдем көрмей, жерін жыртып, оны тырмалап, өңдеп жатқан кезде, бәлки: «Бұл қандай ақымақ, алтындай бидайларды жерге шашып жатыр», деп ойлауы мүмкін. Алайда ол диқаншы ешқандайда ақымақ емес. Ол жерді қанша тырнауға, өңдеуге қаражат жұмсаған болса, сонымен қатар сол тұқымын алып, жерге сепкен кезде тастап жатқандай көрінгенімен, ол күзде Ин шаа Аллаһ, Алланың мейірімімен содан 10 есе артық өнім алады. Сол секілді біздің де жасап жатқан жақсылығымыз өзгеге беріп тұрған секілді көрінгенімен, өзімізге бірнеше ретке еселеп қайтатынын біз әп сәтте ұмытпауымыз керек.

Бір кезде Пайғамбарымыз ﷺ үйінде таңертен қой сойып, кеш қарайған кезде үйіне қайтып, сүйікті жұбайынан сойылған қойдан не қалды деп сұраған кезде, **«бір жауырыннан басқа ештеңе қалмады»** деген екен. Қарап тұрсаңыз, Пайғамбарымыз ﷺ **«Таратқанының барлығы ақірет дәптеріне жазылып, ал енді бір қалған жейтін жауырыннан басқасының бәрі түр десеңші»**, деп айтпаушы еді. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ:

«Кімде кім хайыр жолында, игілік, жақсылық жолында бір дүние жұмсаған болса, Аллаһ Тағала оның орнын міндетті түрде толтырады», дейді.

Біз кейде көп жағдайда шайтанның арбауына түсіп: «Азайып қалады, өзің кедейсің» деген сөздеріне алданып, жақсылық жасаудан бөгеліп қаламыз. Пайғамбарымыз ﷺ Бұхариде және Муслимде риуаят еткен хадисте:

«Ең артық, ең сауапты амал не?», деп сұраған кезде, Пайғамбарымыз ﷺ былай деп жауап берген екен:

«Ең жақсы садақа - дені сау, күш қуатын орнында болып тұрған кезде, сонымен қатар сараңдығын басым түсіп, кедейліктен қорқып тұрған кезде берген садақан» дейді. **«Ал егер жан ауқымына келгеннен кейін, анау мүлкінді түгеншеге, мына мүлкінді пәленшеге бер деп айтушы болма. Ол онсызда түгеншенікі, пәленшенікі».**

Жанағы Пайғамбарымыз 40 түрлі жақсылық бар деген кездегі **«Ең жақсысы сауылатын ешкі»** дегеніміз, яғни бір мұсылманға үнемі пайдасы тиетін, қажетін ашып тұратын жақсылықтың жоғары болатынын біз түсіндік. Демек, мұсылман баласы қандай жағдайда болмасын, жақсылық жасаудың жолын қарастыру керек екен.

Біз өзімізді Пайғамбарымыз ﷺ бүкіл мұсылмандарға ерекше жолбасшы болатын, тіпті адамзаттың өмірінің мәнісі болатын хадисінде:

«Кімде-кімнің қолында бір көшет болып қиямет басталса да, ол көшетті егіп кетсін» деген.

Сондықтан мұсылман баласы жай күйінің қандай болғанына қарамай, үнемі жақсылық жасауға, тіпті өмірінің соңы болса да, жақсылық жасаудан бас тартпауы қажет екен.

Аллаһ Тағала жақсылық жасаған, сол жақсылығы қабыл болған, жақсылығының шарапатын көрген құлдарының қатарынан болуды баршамызға нәсіп етсін.

Кульмусаков Мейіржан: Ысырапшылдықтан сақтану

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

الحمد لله

و الصلاة و السلام على محمد ی

السلام علیکم و رحمة الله و بركاته

Құрметті көрермендер. Аллаһ Тағала баршамыздың Қасиетті Рамазан айында ұстаған оразалырымзды қабыл етсін, жасаған барлық құлшылық-ғибадаттарымыз, оразаларымыз, Иншаа Аллаһ, Аллаһ Тағаланың Разылығына сай болатын құлшылықтан болуды Аллаһ Тағала баршамызға нәсіп етсін.

Бүгінгі тілімізге тиек ететін тақырыбымыз: «Үнемділік – ырыс, ысырапшылдық – шығыс» жайында болмақ. Яғни, ысырапшылдық деген нәрсе бұл Аллаһ Тағаланың сүймейтін нәрсесі.

Енді, осы ысырап сөзіне тоқталып, мағынасын айтып өтейік. Ысырап деген сөз арабтың «сараф» деген сөзінен келеді екен. Ысырап деген сөз әрбір жасаған іс-әрекеттерімізде шектен шығу деген мағынаны білдіреді. Яғни, кез-келген істі алып қарайық. Сол жасалған ісімізде біз шектен шығатын болсақ, онда ол ысырап болып есептеледі. Ал енді бұл іс-әрекетке біздің күнделікті тамақ ішуіміз, киім киюіміз, дүние табуымыз, құлшылығымыз болуы мүмкін. Яғни, кез-келген нәрселерді біз шегінен шығарып жіберетін болсақ, онда ол ысырап болып есептеледі. Сондықтан, Аллаһ Тағала бұл істі сүймейтін істерінің қатарына қосқан екен.

Енді, бір әлемдік статистикаға көңіл бөліп қарайтын болсақ. Бізде көбінесе тамақ жағынан өте көп ысыраптар болып жатады өмірімізде. Ал әлемдік статистикаға қарайтын болсақ, 800 миллионға жақын адам аштықтан зардап шегіп жатыр, 4 миллионға жақын сәби жылына осы аштықтан қайтыс болады екен. Демек, әлемнің бір бұрышында көп тамақ жеп, тамақты ысырап қылып, оны пайдалану бар, ал әлемнің екінші бір бұрышында, осы ысырапшылдықтың арқасында, талай адам аштықтан зардап шегіп, керек десеңіз, жан тапсыратын жағдайларды да естіп жатамыз. Сондықтан, Аллаһ Тағала Құран Кәрімде айтады:

«Ішіңдер, жеңдер. Бірақ, ысырап етпеңдер. Өйткені Аллаһ Тағала ысырап етушілерді жақсы көрмейді, сүймейді».

Демек, ысырап деген нәрсе ол Аллаһ Тағаланың жақсы көрмейтін ісі. Енді, ос ысырап мәселесінде, қандай ысыраптарға біз жол беретіндігіміз жайлы да айтып өткеніміз жөн.

Ең бірінші ішіп-жеудегі ысырапқа тоқталып кетейік. Біздің ғұламаларымыз, солардың ішінде имам Сарохси айтады: «Тойып тамақ жеу, өзінің қажеттілігінен тыс тамақ жеудің өзі ысырап болады». Яғни, тамақ жеудің өзінде де белгілі бір шектеулер қойылған. Тамақ жеу «мубах» рұқсат етілген амал десек те, адам қарны тойып, бірақ сонымен қоймай тұрып, үсті-үстіне тамақ жей беретін болса, онда бұл жеудегі ысырапқа алып барады екен. Бұны да Аллаһ Тағала ысырап деп атап отыр. Және тамақтың қалдықтарын тастау. Мысалы, өзімізге жететін деңгейде тамақ алып, соны жеп, тауыссақ, онда біз дұрыс жасаған боламыз. Бірақ, өзіміздің жеуімізден артық ыдысымызға салып, оны тауыса алмай, тастайтын болсақ, онда ол ысыраптың ең жаман түрі болып табылады екен. Бұл ішіп жеудегі ысырап жайлы. Сондықтан, адам өзінің тамақ жеу уақытында, тойып жеуін біліп, сол нәрсемен әрекет жасайтын болса, онда ол ысыраптан қашқан болып есептеледі. Ысыраптың екінші бір кең тараған түрі, бұл киім киюде ысырап. Пайғамбарымыз ﷺ айтқан екен:

«Ішіндер, жеңдер және зекет беріңдер. Тәкәппарлыққа және ысырапқа жол бермей киініңдер. Аллаһ Тағала берген нығметін сендердің бойында Өзі көргісі келеді», деген Пайғамбарымыздың хадисі бар.

Міне осы жерде Пайғамбарымыз киім киюдің ысыраптығы жайлы айтып отыр. Бірінші, киім киюдегі ысырапқа жол беретін нәрсе, егер, қандай да бір киімді тәкәппарлықпен киетін болса. Яғни, сол киген киімі оны тәкәппарлыққа алып баратын болса, сол киімді кию арқылы өзің басқалардан жоғары санайтын болса, мұрның жоғары көтеріп жүретін болса, онда Пайғамбарымыз ﷺ айтқандай бұл киім – ысырап киім болып саналады.

Сондықтан киім киген уақытта, ол киім бізді тәкәппарлыққа алып бармауы тиіс. Ал енді, адам баласында қанша киім болу керек және оны қалай кию керек мәселесінде, ғалымдарымыз бір нақты шешім айтпаған. Өйткені, бұл киім киюдегі ысырапшылдық деген сөз, әр жердің өзінің салт-дәстүріне байланысты есептеледі, соған қарай өлшенеді деп айтқан екен. Сондықтан, ең біріншіден, киім киюдегі біздің мақсатымыз – әурет жерлерімізді жабу және ауа-райының қолайсыздықтарынан, күннің ыстығынан, салқынынан қорғану үшін. Сондықтан осы мақсаттарды өтеп беріп отыратын болса, осы мақсатқа қажетті киім біз үшін зәру болып есептеледі. Ал енді бұдан тыс, қымбат бір киім киюге, негізі, шарифатымызда рұқсат. Бірақ, бұл қымбат киім кию арқылы өзің басқалардан артық санайтын болса, онда сол киімі оны ысырапқа алып барады екен.

Енді, қараңыздар, құлшылықта да ысырап бар. Ғибадат жасаған уақытымызда да белгілі бір ысыраптар бар екен. Құлшылық-ғибадаттарымызда орта жолды ұстану дұрыс болып есептеледі.

Пайғамбарымыздың ﷺ жұбайларына бір кісілер келіп, Пайғамбарымыздың құлшылығы жайлы сұраған екен. Сонда, Пайғамбарымыздың жұбайлары оның құлшылықтары жайлы айтып бергенде, үш кісінің біреуі айтқан екен: «Мен бұдан кейін, күндерімді тек қана оразамен өткіземін. Мен әрдайым, күнде ораза ұстаймын». Екінші біреу айтқан екен: «Мен, күнде түнде ұйықтамай, уақытымды намазбен өткіземін». Үшінші біреу айтады: «Мен, бұдан былай ешқандай әйелге үйленбей, бойдақ болып жүремін». Сөйтіп, бұл хабар Пайғамбарымыз ﷺ жеткен кезде, Пайғамбарымыз үшеуін шақырып алып былай айтқан екен:

«Менің естуімше, сендер үшеуін осындай бір әңгіме айтыпсыңдар. Бірақ, бұларын дұрыс емес. Өйткені мен, Алланың Елшісі бола тұра, Алланы сендерден артық танитын адам бола тұра, кей күндері ораза ұстаймын, кей күндері аузым ашық болады. Мен де адам баласы секілді үйленемін. Және кейбір түндерімді құлшылықпен, кейбір түндерімді ұйқымен өткіземін. Сол үшін, бұл ойлаған нәрселеріңнен бас тартыңдар», деген екен.

Құрметті ағайын, жамағат, ардақты көрермендер. Ысырапшылдық деген нәрсе осы. Біз негізгі мысалдарды бердік. Егер де кез-келген әрекетімізде біз қатты шеттен шығып жататын болсақ, онда ол ысырап болып есептеледі.

Аллаһ Тағала біздің осындай Өзінің сүймейтін іс-әрекеті, ысырапшылардың қатарынан болмауды Аллаһ Тағала бізге баршамызға нәсіп етсін.

Жанболат Сапашов: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

الْحَمْدُ لِلّٰهِ

وَالصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلٰی مُحَمَّدٍ

وَالسَّلَامُ عَلَیْكُمْ وَرَحْمَةُ اللّٰهِ وَبَرَكَاتُهُ

Бізді жоқтан бар етіп жаратқан, жұп-жұп етіп жаратқан әуелі Аллаһ Тағалаға сансыз мақтаулар мен мадақтар болсын және де Пайғамбарымыз ﷺ бізге бақытты күн кешуді, бақытты отбасы болуды үйреткен тәлімгерге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. Жалпы бізге берілген тақырып - «Жанұя жарасымы». Жанұя бақытты болу үшін не істеу керек және кімнен үлгі алу керек? Бұны бізге Аллаһ Тағала Құран кәрімде баяндап қойған:

«Сендер үшін Пайғамбарда өте үлкен өнеге бар».

Бақытты отбасы құрып, бақытты күндер кешу үшін батысқа немесе басқа да бір әртістерге еліктеудің қажеті жоқ. Егер Пайғамбарымыз ﷺ өміріне қарасақ, жақын таныссақ сол бізге жеткілікті. Енді, адам бақытты болуы үшін не істеуі керек? Бірінші бір-біріне шынайылықпен, сеніммен қарау керек. Екінші мәселе, бақытты отбасы болу үшін жақсылыққа бұйырып, бір-бірін жамандықтан тыйу керек. Аллаһ Тағала бұған қатысты Құран Кәрімде айтады:

«Сендер ең хайырлы үммет етілдіңдер. Бір-бірінді жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтарумен сендер ең хайырлы үммет етілдіңдер».

Міне, бақытты отбасы болу үшін, біз-бірімізді жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыйылуға шақыруымыз керек. Осы жерде тағы айтылып кететін нәрсе бар. Бірінші тарап жамандықтан жақсылыққа шақырған кезде, екінші тарап соған түсіністікпен қарап, барынша дұрыс қабылдап, өзінің бойында қателік болса мойындап, сол қателігімен жұмыс жасауға әрекет жасауы қажет.

Енді, бақытты отбасы болудың тағы бір қағидаты – ерлі-зайыптылар бір-бірінің кемшіліктерін көркем түрде түзету. Пайғамбарымыз ﷺ өміріне қарайтын болсақ, Айша анамыз екеуінің арақатынасынан осыны үйренуімізге болады.

Бірде Айша анамызға қызметшісі ыдыс әкеліп беріп, ыдыстың кімнен келгенін естіген кезде, Айша анамыз ашуға бой алдырып, сол ыдысты сындырып қойған. Ол Пайғамбарымыз ﷺ басқа әйелінен келген ыдыс еді. Сол кезде, жақын жүрген адамдар бұл істі естіп, таңғалған кезде, Пайғамбарымыз ﷺ: «Ол жай ғана ашуға бой алдырды», деп мәселені жылы жаба салды. Кейін, барынша Айша анамызбен жұмыс жасап, ол амалдың дұрыс емес екендігін түсіндіреді. Осылайша бір-біріне түсіністікпен қарайтын болған.

Келесі, бақытты болу үшін ұстанатын қағида, ол бір-бірінің айыптарын жасыру. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде бұл мәселеге байланысты:

«Олар сендердің киімдерін және сендер де олардың киімдерісіндер».

Мысалы айтатын болсақ, адамның денесін ыстықтан қорғайтын ол – киім және денесін, ұятты жерлерін қорғайтын да сол киім. Міне, дәл сол секілді ерлі-зайыптылар бір-бірінің жақсылығын асырып, жамандығын жасыруға әрекет жасаулары қажет. Бір-бірінің ар-намысын таптамай, сақтауға барынша тырысулары қажет. Бұл да, бақытты отбасы болудың қағидаттарының бірі болып есептеледі.

Келесі айтатын нәрсе, жарынның қалауын терең сезіну. Яғни, нені ұнатады, соны барынша түсіну, соған әрекет қылып, алып беруге тырысу. Бұл да жанұяның жарасымды болуы үшін мән берілетін дүниелердің бірі болып есептеледі.

Одан кейін, тағы бір айтылатын нәрсе – отбасыға уақыт, көңіл бөлу. Пайғамбарымыз ﷺ Айша анамызбен ойнап, қалжыңдасатын болған. Бізге келетін хадистерде, Пайғамбарымыздың ﷺ Айша анамызбен жарысқандығы, ойнағандығы жайлы келеді. Пайғамбарымыз ﷺ сапарға шыққан кезде жеребье тастап, өзімен сапарға әйелдерінің біреуін ертіп жүруі секілді мәселелердің барлығы Пайғамбарымыздың ﷺ отбасына ерекше көңіл бөлгендігін көрсетеді. Мысалы, қыздарына көп көңіл бөлгендігі соншалықты, Пайғамбарымыз ﷺ ұлдарынан гөрі, қыздарың көбірек жақсы көретін болған.

Одан бөлек тағы айтылатын мәселе – сабырлық мәселесі. Отбасы болғаннан кейін өмірде неше түрлі қиындықтар, ащы да тұщы кездер болады. Сондай жағдайларда барынша бір-бірін сабырлыққа, төзімділікке шақыру керек. Мысалы, Пайғамбарымыз ﷺ отбасында тіпті қазан қайнамаған күндер де өте көп болған. Пайғамбарымыз ﷺ бірде таңғы уақытта Айша анамызға кіріп келіп «Жейтін бірдеңе бар ма?», деп сұраған кезде, Айша анамыз, тіпті бір жұтым құрманың жоқ екендігін айтқан кезде, Пайғамбарымыз ﷺ : «Онда мен оразамын» деп, оразасын жалғастырып кете берген.

Міне, бізге бақытты өмір сүруімізге, бақытты өмір сүру үшін үлгі тұтарлық адам – Пайғамбарымыз ﷺ. Себебі жоғары айтылған аятта Аллаһ Тағала айтады:

«Сендер үшін Пайғамбарда өте үлкен өнеге бар».

Біз осы Пайғамбарымызбен ﷺ жақын танысып, әйелдерімен қарым-қатынасын оқып білетін болсақ, бала-шағаларымен қандай қарым-қатынаста, қыздарымен қандай қарым-қатынаста болғандығын оқып-білетін болсақ және соған амал жасайтын болсақ, сол кезде нағыз бақытты отбасы құруға бізде үлкен мүмкіндік болады.

Оралхан Сейдманов: Ағайын тату болса...

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын. Күллі мақтаулар мен мадақтар Әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағалаға болсын, Оның сүйікті Елшісі Пайғамбарымызға, отбасыңа Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын.

Алыстағы ағайынды қойып, бүгінгі таңда жақын тұрған өзінің бауырына жақсылық жасамай, алыстап жүрген көптеген қандастарымызды, отандастарымызды кездестіреміз. Аллаһ Тағала бір құрсақта дүниеге келтіргеннен кейін, бір-біріне мейірімді болса екен дейміз. Араб тілінің өзінде құрсақты «рахим» деп атайды. Қазақ тілінде «рақым» сөзі мейірімділікке қолданылады. Сол үшін де бір құрсақта дүниеге келгеннен кейін, бір-бірімізге мейірімді болуымыз керек.

Бауырды бір-бірінен алыстатын не? Бүгінгі тақырыбымызда соған тоқталатын боламыз.

Әрине, «ә десе, мә деп», сұрағанын аузына тығып, ертенгі күні оны өмірде өзіндік бір шешім қабылдай алмайтын деңгейге жеткізіп қоюға да қарсымыз. Себебі ағасының немесе бауырының дүниесіне арқа сүйеп, соның тапқанын жеп жата беру де жалқаулыққа алып келеді.

Хазрет Омардың заманында бір кісі мешіттен шықпай құлшылық етіп жатқанын көріп: «Сен күнделікті мешіттен шықпайсың. Сонда қалайша күнінді көресің? Күнделікті жеп-ішуін бар, оны қалай өтейсің?», деп сұраған кезде сол кісі: «Менің бауырым бар. Сол жұмыс жасап, табыс табады», деген кезде Хазрет Омар былай жауап береді: «Демек, саған қарағанда ол көбірек құлшылық жасайды екен».

Негізінде қарасаңыз, мешіттен шықпай отырған, дүние таппай отырған бауыры. Бірақ жұмыс жасап, табыс тауып, бауырына көмек көрсетіп тұрған ағасын Хазрет Омар көбірек құлшылық жасайды деп мақтады. Демек, жатып алып, «Мен құлшылық жасап жатырмын», деп қолды қуыстырып, өзгеге салмағынды салып жату да біздің дініміздің құптамайтын нәрсесі. Ал егер бауырынның алдына ішкен асын, бәрін дайындап беретін болсаң да, ол бауырынның қанатының қатаюына кедергі келтіреді.

Оған бір көбелектің мысалын келтіргім келіп отыр. Бір профессор бақтан өтіп бара жатқан кезде, өзінің інін жарып шыға алмай қиналып жатқан көбелекті көріп, көмектесейін деп, бәкісімен інін ашып жіберді. Сол кезде, қанаты қатаймаған көбелек ұша алмай, жерге құлай түсіп кетіп, қалған өмірін жерде өткізеді. Ол сол 2 күн бойы інінен шығу үшін, қанатын қатайтады екен.

Дәл солай біз де кей кезде, көмектесеміз деп, қанаты қатаймаған, өмірде қиынышлықтарға тосқауыл бере алмайтындай, жалқау қылып қоймауымыз да керек екен.

Аллаһ Тағала сіз бен бізді өзге жаратылыстарға қарағанда ерекше етіп жаратты. Тау-тастар, шөп шалан, сол секілді жан-жануарлар да бар. Бұл үшеуін алып қарайтын болсақ, тас көбеймейді, өңбейді, өспейді, тек бір орында тұрады. Бірақ олар да Алланың жаратылысы. Өсіп жатқан көгал шөптер ұрық тастайды, қайта өседі, бірақ орнынан қозғала алмайды. Мал-жануарлар да өседі, төлдейді. Бірақ, орнынан қозғалғанымен, ақыл-есі жоқ. Ал адам баласы ше? Ол барлық жаратылыстардан ерекше. Адам баласына ақыл берілді. Сол үшін мына дүниеде ақыл-есімізді қолдануымыз керек.

Жора-жолдастырыңызбен өткізіп жатқан күнделікті өміріңіз қаншалықты тиімді? Ертен басыңызға іс түсіп жатса жаныңыздан солар табылады ма, немесе туған-туыс, бауыр табылады ма?

Бұған тағы бір мысал. Бір ағамыз жора-жолдастарымен көп уақыт өткізетін еді. Күндердің бір күнінде сол кісінің баласы қатты ауруға шалдығып, ауруханаға түседі. Баласынан жанына күнделікті сол кісі және әйелі барып отырған кезде, күнделікті тұрмысы ақсандай бастайды. Сол кезде жанынан табылған бауырлары болды. Әлгі жора-жолдастары жанынан табыла қойған жоқ..

Осындай мысалдар өте көп. «Бірге тумақ бар, бірақ бірге жүрмек жоқ», деген де мысал бар. Алайда ол мысал мүлдем жат жұрт болып кет деген нәрсе емес. Сол үшін, мына дүниеде біз мейлініше бауырлардың арасына сызат түсіретін нәрселерден аулақ болуымыз қажет.

Бірінші нәрсе, көреалмаушылық. Отбасы ішінде бір бала ерекше болып, қоғамда

белсенділігімен, білімімен, маңсабымен артық бола бастаса, басқалардың арасында көре алмаушылық пайда бола бастайды. Бұндай нәрседен біз аулақ болуымыз керек. Әрине, Адам атамыздан келе жатқан дүние, бір-бірін көре алмаудың нәтижесінде тіпті өлтіріп қоюға дейін де барғандар болды. Сондықтан, араға сызат түсіретін нәрселердің бірі – көреалмаушылық.

Екіншісі, тіпті негізгісі деп айтуға болады. Істеген нәрсеннен бауырынның есесін күтпей ақ қой. «Аллаһ разылығы үшін жасадым» де да, ұмыт. Себебі, біреуге жақсылық жасап, оның қайтарымын ала алмасаң, қатты қиналасың. Содан, қоғамда көптеген көңілі қалып жатқан адамдарды көреміз. Сол үшін жасаған жақсылықтың бәрін «Аллаһ үшін жасадым» деп қоя салсаңыз, сіз қиналмайсыз. Одан сізге қайтсын, қайтпасын, көңіліңізге алмайсыз. Ал Аллаһ тарапынан сіз жасаған жақсылық міндетті түрде қайтады.

Бүгінгі таңда, ағайынның арасында тағы бір сызат болып түсіп жатқан нәрсе – әкеден қалған мирас. Ежелде, қазақта әкеден, ата-анадан қалған мирасты кенжеге, немесе қолда тұрған балаға қалды деп басқалары ризашылығын бере салатын. Бүгінгі таңда, көбінесе қу дүние, тіршілік ағайынның арасын бұзуда.

Тағы бір оқиғаға тоқтала кетейін. Бір кісінің үш баласы болады. Әкесінің, қалада тұрып жатқан үйін бір қымбат бағаға сатамыз деп, әкесін өлді деп құжат дайындап, қарттар үйіне апарып тастайды. Дүниені теңдей бөлісе алмаған баласының бірі өкпелеп, әкесінің тірі екендігі туралы хабарды шығарып, жариялайды. Ол да әкесіне деген жанашырлықтан емес, сол бір дүниені қызғаныштан.

Егер дүние көзімізге барлық нәрседен жоғары болатын болса, адам баласы әкені, ағайын-туысты елемейтін болады.

Бүгінгі таңдағы араға түсіп жатқан тағы бір нәрселердің бірі – дүниеқоныздық. Дүние керек емес демейміз, ол керек. Бірақ өзінің орны болу керек. Ол ағайын-туыстан жоғары тұрып кетпеуі керек.

Төрт халифтың арасындағы Әділетті Омар деп аталып кеткен, Хазрет Омардың кезінде 1-2 жігіт әкесінен қалған мирасты бауырыма берейін деп жолға шығып келе жатқан кезде, Мадина қаласында тоқтап, тынығып жатқанда, түйесі өзгенің бағына түсіп, бағын бүлдіре бастайды. Бақтың иесі шығып, таспен ұрған кезде, түйе өліп қалады. «Бір таяқ бата тиеді, бір таяқ қате тиеді», деп айтады қазақта. Мүмкін сол қате тигені болар, түйені өлтіріп қояды. Түйесін өлтіріп қойғаннан кейін әлгі жігіт ашуланып, бақтың иесін өлтіріп қояды. Сол қарттың балалары тұрып, кегімізді аламыз деп қазының алдына алып барады. Сонда әлгі жігіт: «Әкемнен қалған мирас бар еді. Сол мирасты пәлен жерде тұратын бауырыма апарайын, қайтып келгеннен кейін маған не істесеңіздер де мен дайынмын», деп айтады. Сөйтіп жолға шығуын сұрайды. «Орнына кепілдікке не қоясын?», деп сұраған кезде, «Иманымды қоямын. Мен мұсылманмын», деп айтады. Сол кезде Абу Зарр деген сахаба орнынан тұрып: «Мен кепіл

боламын» дейді. Уақыт өтіп, әлгі жігіт қайтатын күнінен кешігеді. Сол кезде бүкіл жиналғандар: «Абу Зарр, сен не істедің? Танымайтын кісіге кепілдік бердің. Ендігі халін не болады деген кезде?», Абу Зарр: «Мен тұрмын ғой. Есесіне меннен кектерінді аласыңдар» дейді. Сөйтіп тұрғанда, күн батар кезде әлгі жігіт асығып, қайтып келеді. Сонда ол жігіттен: «Өлімің үшін неге соншалықты асығып келдің?», деп сұраған кезде, әлгі жігіт: «Жоқ, мен имансыз қаламын ба деп қорықтым. Мен иманымды қойдым», дейді. Сол кезде, Абу Заррдан: «Сен не үшін танымайтын бір кісіге кепіл болдың? Жанын кетер еді» деген кезде, Абу Зарр: «Мұхаммед Пайғамбар өмірден өте салысымен, көп уақыт ұзамай бұл бауырлар бір-біріне сенбейтін болыпты деген сөз тарамас үшін, мен осындай іске бардым», депті.

Қарасаңыз, Пайғамбарымыз бір-біріне бауыр еткен сахабаларымыздың өзі сондай нәрсеге барып жатқанда, бір құрсақтан шыққан бауырлар, не үшін бір-бірімізге сондай жанашырлыққа бармасқа?

Аллаһ Тағала баршамыздың ниетімізді қабыл, мұратымызды асыл етсін. Бір-бірімізге деген бауырмашылдығымызды Аллаһ Тағала арттырсын.

Бауыржан Әлиұлы: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

الْحَمْدُ لِلّٰهِ

وَالصَّلَاةِ وَالسَّلَامِ عَلٰی مُحَمَّدٍ

وَالسَّلَامِ عَلَیْكُمْ وَرَحْمَةُ اللّٰهِ وَبَرَكَاتُهُ

Ассалаумағалейкүм, құрметті мұсылмандар! Аллаһ Тағала ұстап жатқан оразаларыңызды, жасап жатқан құлшылықтарыңызды, дұға-тілектеріңізді қабыл етсін. Пайғамбарымыз Мұхаммед ﷺ мынадай бір әйгілі хадисі бар:

«Кімде-кім Аллаға және ақірет күніне сенсе жақсы сөз сөйлесін, яки

үндемесін. Кімде-кім Аллаға және ақірет күніне иман келтірсе, көршісіне құрмет көрсетсін. Кімде-кім Аллаға және ақірет күніне иман келтірсе, қонағын күтсін».

Бұл әйгілі хадисті, имам Бухари және имам Муслим өзінің Сахих жинақтарында келтірген. Бұл хадистің біздің күнделікті өмірімізде ерекше орны бар.

Біз шынайы мұсылман кісінің қандай болу керектігі жайлы айтамыз. Шынайы мұсылман адам Аллаға және ақірет күніне иман келтірген адам болуы керек. Мұсылман, Аллаға және ақірет күніне иман келтірсе, ондай мұсылманнан жамандық шықпайды. Себебі мұсылман кісі әрдайым Алланың бақылауында екендігін сезінеді және жасап жатқан ісінің жақсы іс болса Алланың алдында сый болып көрінетіндігін, жаман іс болса міндетті түрде Аллаһ Тағаланың құзырында сазайын тартатындығына еш күмәні болмайды.

Әлгі хадисте, біз Пайғамбарымыз ﷺ сипаттаған шынайы мұсылманның кейбір іс-әрекетіне тоқталайын деп отырмыз. Хадистің әуелгі бөлігінде Пайғамбарымыз ﷺ былай деп жатыр:

«Кімде-кім Аллаға және ақірет күніне сенсе жақсы сөз сөйлесін, яки үндемесін».

Жақсы сөз дегеніміз не? Ғалымдарымыз былай деп айтқан: «Біреуге пайдасы тиетін, елге жерге пайдасы тиетін сөз». Ал елдің арасын бұзатын, ағайынның арасын ашатын жағымсыз сөздерді жаман сөзге теңеген.

Яғни, мұсылман кісі әуелі ойлану керек: «Бұл айтып жатқан сөзім, Алланың шарифатына сай сөз бе? Айтқан сөзіммен біреуге пайдам тиеді ма, тимейді ма?». Ал егер айтқан сөзінің ешкімге пайдасы болмаса, бұл кісінің үндемегені абзал.

Сонымен қатар, ғұламаларымыздың арасында осындай бір үлкен тартыс мәселе бар: «Үндемеген дұрыс па, әлде сөйлеген дұрыс па?». Ахназ ибн Кайс деген үлкен табиғин ғұламаның құзырында адамдар тартысқан екен. Біреулер айтқан «Жоқ, сөйлеген дұрыс», деп. Басқа біреулері: «Жоқ, үндемеген дұрыс» деп айтқан екен. Осы сұрақпен соныңда келіп Ахназ ибн Кайсқа келіп жүгінген. Ол кісі былай деп айтқан: «Егер жақсы сөз сөйлесе, мен сөйлеген кісінің артық екендігін айтқалы отырмын. Үндемей қалған кісінің пайдасы тек өз басына ғана тиеді. Ал сөйлеген кісінің пайдасы басқаларға тиетін болғандықтан, сөйлеген кісі артық». Бірақ, мән беріп қарасаңыз, Пайғамбарымыз ﷺ былай деген:

«Кімде-кім Аллаға және ақірет күніне сенсе жақсы сөз сөйлесін, яки үндемесін».

Біздің шарифатта бар дүние: сөздің не жағымды болуы, не теріс болуы. Ортасы жоқ. Кейбіреулері ойлауы мүмкін: «Мына сөзді айтсам ба, айтпасам ба екен?», дегендей. Шарифат бойынша ондай сөздер жоқ. Не болмаса ол пайдасы тиетін сөздер, яки пайдасыз сөз.

Убайдулла ибн Амр деген үлкен ғалым айтады: «Мұсылман кісі, егер сөйлеп отырғанда, сөйлегені ұнай бастаса, жан-жағында отырған адамдардың оған көңілі толып, ішіне жел бітсе, ол сол жерден сөзді тоқата қойғаны дұрыс. Ал егер жұрттың ортасында отырып, үндемей отырған оған ұнаса, онда ол сөз сөйлеуі тиіс».

Ғұламаларымыз айтады: «Бұл сөз, осы мәселе жайында айтылған ең керемет сөз». Себебі кісі сөйлесе, тек Алланың Разылығын табу үшін сөйлейді. Үндемей қалса да, тек Алланың разылығы үшін ғана үндемей қалып кетеді. Бұл өте маңызды.

«Кімде-кім Аллаға және ақірет күніне сенсе жақсы сөз сөйлесін» деген сөз - елге, жерге пайдасы тиетін ғылымды сөйлесін, елдің басын біріктіретін, ынтымаққа шақыратын сөз сөйлесін. Яғни, кісі ойлану керек. Бұл мына мағынаны білдіреді: Аллаға және ақірет күніне иман келтірген кісі өзіне немесе басқаға пайдасы тимейтін өсек, біреудің сыртынан сөз сөйлеу, ғайбаттау секілді іс-әрекеттерді жасауына болмайды.

Хадистің келесі бір бөліміне қарасақ, Пайғамбарымыз ﷺ айтып жатыр:

«Кімде-кім Аллаға және ақірет күніне иман келтірсе, көршісіне құрмет көрсетсін».

Біздің ғалымдарымыздың айтуы бойынша көршілердің үш түрі болады. Біріншісі бір ақысы бар, екіншісі екі ақысы бар және үшіншісі үш ақысы бар көрші болады. Бір ғана ақысы бар көрші ол - мұсылман емес көрші. Яғни діні басқа адам, бірақ сізбен көршілік ақысы бар. Мұсылман кісі болсаңыз, сіз оның көршілік ақысын ескеріп, оған тиісті құрмет көрсетуіңіз тиіс. Екіншісі, екі ақысы бар көрші ол - мұсылман көрші. Бірінші ақысын ол мұсылман болғандығы үшін сыйлайсыз, екіншіден ол сізбен көрші болғандықтан тиісті, лайықты құрмет көрсетесіз. Үш ақысы бар көрші ол - біріншіден мұсылман, екіншіден сізге көрші, үшіншіден сізге туысқан.

Мұсылман кісі бұндай көршінің үш бірдей ақысын тиісті дәрежеде беруі тиіс. Пайғамбарымыз ﷺ хадистің соңғы бөлігінде айтып жатыр:

«Кімде-кім Аллаға және ақірет күніне иман келтірсе, қонағын күтсін».

Бұл біздің бабаларымызға ежелден дәстүр болып сіңген, қонақжайлықты, меймандықты ерекше жақсы көрген біздің халыққа қатты сіңген. Ғұламаларымыздың айтуы бойынша: «Келген қонақты күту – мұсылман кісінің міндеті болып табылады». Бірақ, «Шариғат бойынша қонақты қанша күн күту керек?» деген мәселеге келетін болсақ, кісіні нақты үш күн қонақ қылып күтуге болады. Әсіресе бірінші күні ерекше күтім көрсетіп, қалған екі күндері жай қонақжайлықты көрсетуге болады. Үш күннен кейін, қарапайым, қолдан келетін меймандылығын көрсетуі керек.

Аллаһ Тағала баршамызға осы хадис аясында әрекет етуімізді, амал етуімізді нәсіп етсін, елге, жерге пайдасы тиетін, әрдайым жақсы сөз сөйлеуге нәсіп етсін. Көршімізге лайық түрде құрмет көрсетуді, келген қонағымызға меймандығымызды көрсетуді нәсіп етсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

Мадияр Пірімқұлов: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Аса қамқор, ерекге Мейірімді Алланың атымен бастаймын. Бүгінгі біздердің қозғайтын тақырыбымыз: «Зекет беру – парыз». Жалпы, Пайғамбарымыздың қасиетті хадистерінде былай делінген:

«Ислам 5 парыздан құралған. Соның біреуі кәлимә келтіру болса, екіншісі намаз оқу және үшіншісі зекет беру. Төртіншісі ораза ұстау, бесіншісі қажылық».

Демек, бес ұстанымның біреуі зекет болса, зекеттің маңыздылығының өте жоғары екендігін білдіреді.

Дінімізде Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда зекетті намазбен бірге отыз жерде баяндайды. Сондықтан Қасиетті Құранда намаз жайында 30 аят келген болса, дініміздің асыл құлшылықтарының бірі – намаз. Ал енді сол намаздың қасына зекет беру айтылған болса, зекеттің де маңыздылығы өте жоғары екендігін білдіреді.

Зекеттің тілдік мағынасы «көбею, өсу, тазару, мақтау және берекет» деген мағынаны біліреді. Ал енді терминдік мағынасы, дінімізде қандай да бір адамның байлығы нисаб мөлшеріне толатын болса, сол шариғаттың белгілеп көрсетіп берген нисаб мөлшерін Аллаһ жолында зекет етіп шығару болып табылады. Сондықтан, бұл зекет дінімізде орындалуы парыз болған амалдардың бірі болып табылады.

Олай болса, зекетті біз қалай береміз? Егер зекетті ақшалай беретін болса, ақшалай 85 грамм алтынның сатып алатындай немесе 85 грамм алтын мөлшерінде ақшасы құралатын болса, адам соның зекетін береді. Қазіргі таңда, ол күнделікті алтынның валюта мөлшерімен есептеледі. Бүгінгі таңдағы алтынның мөлшерімен есептеген кезде, кімнің ақшасы 1 180 000-нан жоғары көрсеткіште болса және ол бір жыл сақталған болса, ол әлгі зекетті шығарып айналасындағы кедей-кепшіктерге беру парызы болып саналады. Ал екіншісі ол – 585 грамм күміс. Үшіншісі – түйеден бес түйе болатын болса, ол зекет береді. Ал егер 30 қара мал болатын болса, одан зекеті шығарылады. Ал ұсақ малдан, қой-ешкіден 40 болатын болса, сол малдың бірін шығарып, Аллаһ жолында зекетке беру парызы болып табылады. Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда:

«Олар қолдарындағы мал-мүліктерді қайырымдылық тілеген пақырлар мен кедейлердің садақадан мақрұм қалған кедейлердің де ақысы бар екендігін ұмытпағай».

Яғни Аллаһ Тағаланың адам баласына берген мал-мүлкінде, дүниесінде кедейдің ақысы бар екендігін ұмытпауымыз керек. Сондықтан, адам баласына қандай да бір дүние берілетін болса, ол тәкәппарлықты ысырып қойып, әлгі берілген малының арасында кедей-кепшіктің ақысының бар екендігін сезіну керек. Абай атамыз айтады:

«Адам ғапыл дүниені дер менікі,

Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі», дейді.

Ғапыл дегендігі адамның білімсіздігін, сол Алланың берген мал-мүлкі тек қана жинаушы

адамдыкі ғана емес, әлгі жинаушы адамға, байып жатқан пендеге Алланың беріп жатқан дүниесі екендігін білдіруде. Міне, сондықтан Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда Өзінің берген мал-мүлкінің ішінде кедей-кепшіктің ақысы бар екендігін ұмытпау керек екендігімізді есімізге салып жатыр. Пайғамбарымыз ﷺ өзінің бір керемет хадисінде:

«Алланың зекетін бергенде, кедейдің малындағы ақысын төлеген боласын», деген екен.

Яғни, адам баласы өзінің малын шығарып, біреуге беріп жатқан кезде, өзінің малының ішіндегі кедейдің ақысын беріп жатқандығын баса айтуда.

Сондықтан, зекет адам баласының малының ішіндегі кірін тазартып, өзінің малын адалдап алу. Мысалы, біреудің малын адам баласы зорлықпенен тартып алып, ұрлап алып, біреудің малын жейтін болса, ол оған арам болып табылады. Дәл сол секілді, егер Аллаһ Тағала бір пендеге байлық берген болатын болса, бірақ сол байлықтың зекетін бермей, тәкәппарланып, «Өз еңбегіммен тапқан байлықты мен не үшін беремін?» деген ой болатын болса, оның малының ішіндегі кедейдің ақысын шығармау себепті, оған ол жинап жатқан малы харам болып есептеледі.

Сондықтан, адам адам болғалы, қоғам болып өмір сүргелі адам баласының қоғамында кедей мен байдың болатындығы сөзсіз. Кедейлер өшпенділікпен байлардың малына қарайды, «Неге біз осылар секілді бай болмадық?» деген секілді ойлары боулы мүмкін. Ал енді бермегеннен кейін, ол байға деген өшпенділігі пайда болады. Сондықтан, Пайғамбарымыз ﷺ адамды жолдан тайдыратын байлықпенен, кеселді болған кедейліктен дұға жасаған:

«Я Алла, Өзіннен осы нәрседен сыйынамын», деп.

Сондықтан, құрметті жақсылар, Аллаһ Тағаланың адам баласына берген дүниесі, шарифатымыздың бір парызы, егер мал нисапқа толатын болса, әлгі зекетті шығарып, шарифат мөлшерінде есептеп, Аллаһ жолында беруі керек екен. Еліміздегі қаншама байлардың өзінің қаражатының, тиын-тебеніне дейін есептеп, айналасындағы кедей-кепшікке беретін болса, ол әлгі кедей-кепшік пен байдың арасында бір-біріне деген махаббат, жақсы қарым-қатынас орнайды. Шарифаттың негізгі мақсаты – қоғамда деген бейбітшілік, бір-біріне деген сүйіспеншілік орнату. Егер бай адам айналасындағы кедей-кепшікке жомарттығымен беретін болса, айналасындағылар міндетті түрде оған жақсы қарым-қатынаспенен қарайды, оны жақсы көреді, оған деген ілтипаты, жақсы көз қарасы мүлдем басқаша болады. Пайғамбарымыз ﷺ өзінің тағы бір керемет хадисінде:

«Таң атқан кезде адам баласына екі періште түседі. Екі періштенің біреуі: «Я Раббым, осы құлын Өзіннің берген рызық-несібеннен Аллаһ жолында шығаратын болса, ол Аллаһ жолындағы шығарғандығы үшін, шығарған малының орнын толтыра гөр». Ал екінші періште: «Я Раббым, сенің рызық-несібен ретінде берілген дүниеден шығармағанды шығынға шығара гөр», дейді.

Міне, сондықтан, құрметті жақсылар, Аллаһ Тағаланың сіздер мен біздерге берген дүниесін айналымыздағы адамдарға шариғатымыздың негізі болған зекетін тарататын болсақ, қоғамымызда да бейбітшілік орнап, адамдар арасында бір-біріне деген сүйіспеншілігі, махаббаты болады екен.

Сондықтан, осындай дүние біткен байларымызға, азаматтарымызға Аллаһ Тағала айналасында жүрген кедейлерге көмектесетін пендеден болуды нәсіп етсін. Назарларыңызға рахмет!

Ерсін Әмире: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Ассалямү алейкум, құрметті көрермендер! Баршаңызға Алланың игілігі мен сәлемі болсын. Аллаһ Тағала тұтқан оразаларыңызды, дұға-тілек, құлышылқтарыңызды қабыл етсін.

Бірде, Пайғамбарымыз ﷺ өзінің сахабаларымен бір мәжілісте отырған кезде бейтаныс бір кісі кіріп келеді. Ол бірден Пайғамбарымыз ﷺ алдына барып, тізесіне-тізесін тигізіп, Пайғамбарымызға ﷺ бірнеше сұрақтар қояды. Акіреттің белгілері тағы сол секілді басқа да сұрақтарды қойып, соның ішіндегі ең маңызды үш сұрақ:

«Иман не? Ислам не? Ихсан не?», деген сұрақ қояды. Пайғамбарымыз ﷺ :

«Иман деген - Алланың Барлығына, Бірлігіне, періштелеріне, түсірген Кітаптарына, Пайғамбарларына, Қияметтің бар екендігіне, ақиқат екендігіне, және тағдырдың бар

екендігіне сену», деді.

Кейін, «ислам не?», деп сұраған кезде, Пайғамбарымыз ﷺ, баршамыз білетін исламның 5 парызын айтып берді:

«Кәлима-шахадат, намаз оқу, ораза тұту, зекет беру және қажылыққа бару», деді.

Үшінші сұрақ, «Ихсан не?», деген сұрақ болды. Пайғамбарымыз ﷺ:

«Ихсан дегеніміз - Аллаһ Тағаланы көріп тұрғандай құлшылық жасауын, көріп тұрмаған болсаң, онда Ол сені көріп тұр».

Әлгі кісі шығып кеткеннен кейін, Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларынан:

«Мына адамды білесіңдер ме?», деп сұрады.

Сахабалары: «Жоқ, біз танымаймыз», деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз:

«Бұл сендерге діндерінді үйретуге келген Джебрейіл періште», деді.

Періште, Алланың қалауымен, адам бейнесіне ене алады. Джебрейіл (а.с.) Пайғамбарымыздың ﷺ алдына адам бейнесінде келіп, осы сұрақтарды қою арқылы, сахабаларға дінін үйретіп кетіп еді. Осы сұрақта қамтылған мәселелер адамның дінін құрайды. Егер сол сұрақтарда қамтылған мәселелердің қайсы бірінде сізде кемшілік болатын болса, сіздің дінінде кемшілік бар деген сөз. Демек, сіздің дініңіз толық емес.

Демек, дінді үш нәрсе құрайды екен. Біріншісі, иман. Яғни, сіз неге сенуіңіз керек? Иманның шарттары бар. Сол шарттарды сіз орындасаңыз, сенсеңіз, соны жүрегіңізбен қабылдасаныз, онда сіз мұсылмандықтың бір негізін орындаған боласыз, иманыңыз дұрыс болады. Егер де: «Құдай бар ма, жоқ па, біз білмейміз» дейтін болсаңыз, сіз діннен шығып кетесіз. Періштелерге, Пайғамбарларға, ақіреттің болуына сенуіңіз, Жәннәт пен Тозақтың барына сенуіңіз керек және тағдырға иман келтіруіңіз қажет.

Екіншісі, ислам. Ислам деген сөздің мағынасы «бейбітшілік» дегенді білдіреді және тағы бір мағынасы «бой ұсыну». Иман дегеніміз – сену. Яғни, сіздің ішкі сеніміңіз, оны ақида бөлімі қарастырады.

Екіншісі, ислам. Ислам – ол бой ұсыну. Сіз иман келтірдіңіз бе, онда сізге Аллаға бой ұсыну керек. Ең бірінші кезекте Аллаға бой ұсыну намаз оқумен, ораза тұтумен, дүниеңіз жетсе зекет беруіңізбен, және шамаңыз жетсе қажылыққа бару. Одан басқа да Аллаһ Тағаланың бұйрықтары бар. Сол бұйрықтарды орындауыңыз керек. Яғни, ол бұйрықтар сіздің отбасыңызға қатысты, кәсібіңізге, қоршаған ортаңызға қатысты Алланың бұйрықтары және тиымдары бар. Соларды сіз орындауыңыз керек. Өйткені, Алланың діні сіздің әрбір ісіңізді, отбасылық жағдайыңызды, жұмысыңызды, үйлену, ажырасу кез-келген мәселені қамтиды.

Және үшіншісі, ихсан. Ихсан дегеніміз – Алланы көріп тұрғандай құлшылық жасауын. Алланы көріп тұрмаған болсаң, онда Ол сені көріп тұр. Демек, ихсан дегеніміз жүрегімізге Аллаһ Тағаланың бізді әрдайым бақылап тұрғанын орнықтыру. Жүрегіңізге: «Аллаһ Тағала мені әрдайым көріп тұр, бақылап тұр, мені біліп тұр, естіп тұр, менің әрбір ісім, тіпті жүрегімдегі пікірім Аллаға аян, Алланың екі періштесі осыны жазып тұр», деген сізде нық сенім болу керек. Аллаһ Тағаланың сізді бақылап тұрғанын әрдайым сезінуіңіз керек.

Бір ғалымның айтқан керемет сөзі бар: «Егер сен бір күнә, жаман істі істеп жатып, Аллаһ Тағала мені көрмейді деп ойласаң, сен мұсылман емессің. Өйткені, сен Алланың бар нәрсені Көруші, Білуші деген сипатына күмән келтіріп жатырсың». Ал егер Аллаһ Тағала мені көріп тұр деп біліп тұрып, істейтін болсаң, онда сен барып тұрған ұятсызсың. Өйткені, Аллаһ Тағаланың көріп, бақылап тұрғанын біле тұра, қалайша сен күнәға барасың? Адамдардан жасырынасын, ұяласын. Ал бірақ, адамдардың қолында сіздің Жәннәтыңыз, Тозағыңыз, сіздің денсаулығыңыз, рызығыңыз бар ма? Адамдардың қолында еш нәрсе жоқ. Сіздің бақытыңыз, рызығыңыз, денсаулығыңыз, бала-шағаңыздың амандығы, Жәннәтыңыз барлығы да Аллаһ Тағаланың қолында. Енді, Аллаһ Тағала көріп тұрғанын біле тұра, күнә жасасаңыз, онда бұл барып тұрған ұятсыздық, арсыздық».

Адам осы ихсан деңгейінде өмір сүру керек. Яғни, тек қана құлшылықта емес, жалпы өмірін ихсан деңгейінде өткізуі керек.

Ихсан деңгейі, сезімі екі деңгейден тұрады. Біріншісі, Аллаһ Тағала сені көріп тұрғандай

сезіммен құлшылық жасау. Екіншісі, көріп тұрмаған болсаң, онда Ол сені көріп тұр.

Оған келесі мысал келтірейік. Бір адамды патша өзінің кабинетіне шақырып жеке қабылдайды. Бұл адам, патшаның алдына кірген кезде қандай сезімде болады? Қалтырап, дірілдеп, артық сөз айтпай, әрбір сөзіне мұқият болып, әлгі патшаның сөзін мұқият тыңдап отырады. Демек, Аллаһ Тағаланы көріп тұрғандай құлшылық жасау дегенің де осындай сезімде болуынды білдіреді. Егер ондай деңгейде өмір сүре алмасаң, онда екінші деңгей, Аллаһ Тағала мені көріп тұр деген сезіммен өмір сүруін қажет.

Оған мынандай мысал келтіруге болады. Екінші бір адамды патшы өзінің кабинетінде жеке қабылдамайды, бірақ сол отырған бөлмесінде бақылау камерасы тұрады. Сол бақылау камерасы арқылы елдің патшасы өзінің алдындағы монитордан бақылап отыр. Ол адамның сезімі қандай болады? Жеке қабылдауда отырған адамның сезіміндей болады ма? Әлбетте жоқ. Себебі патшаны көріп тұрған жоқ. Бірақ, сол камера арқылы патшаның оны бақылап тұрғанын сезінеді. Сол үшін де бұл да артық іс-әрекетке бармайды, тыныш, ұқыпты отырады.

Адам да тура сол секілді. Яғни, Алланың құзырында тұрмын деген сезімге жете алмасаң, онда ең болмағанда «Алла мені көріп тұр» деген сезімде өмір сүр. Яғни, әрдайым Алланың сені бақылап, көріп тұрғанын сезініп, Құдайдан қорқып өмір сүр.

Қазақта: «**Құдайдан қорықпағаннан қорық**», деген сөз бар.

Аллаһ Тағала баршамызды Аллаһ Тағаланың бақылауын сезініп өмір сүретін құлдарынан етсін.

Ризабек Ілімбаев: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Құрметті мұсылман қауымы, жамағат, бауырлар! Мына Ораза айы баршамызға мүбәрәк болсын. Ораза ұстағандардың Аллаһ Тағала оразасын қабыл етіп, Өзі уәде еткен сауаптан баршамызды мақрұм қалдырмасын.

Бүгінгі біздің уағызымыздың тақырыбы, хәкім, дана Абай атамыздың:

«Талап, еңбек, терең ой

Қанағат, рақым ойлап қой.

Бес асыл іс көнсеңіз», деген тақырып төңірегінде болмақ.

Жалпы, біздің осы Абай атамыз айтпақшы, адамның бойында қажет болған бес қасиетті меңзеп отыр. Осы бес қасиетті дінімізде қуаттап, әрбір момын адамның бойында болуы керек сипат деп қарастыруымызға болады.

Бес асыл істің біріншісі – талап, еңбек. Бұны біздің дінімізде құптайды. Абайдың айтпақ болғаны:

«Адам баласы дүниеге келгеннен кейін жақсы еңбек етіп, өмір сүруі керек».

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде айтады:

«Я Алла, Раббым, бізге осы дүниеде және ақіретте жақсы өмір бер».

Яғни, осы дүние мен ақіреттің жақсылығын сұраған аяттан, адам баласының тек ақіреті үшін ғана емес, сонымен қатар осы дүние үшін де амал етуді біз көреміз. Сондай-ақ, Құраннан амал етуге байланысты, талапқа байланысты көптеген аяттарды келтіруімізге болады. Солардың бірі, «Мүлік» сүресінің 15-аятында Аллаһ Тағала былай деп келтіреді:

«Ол сондай Алла жерді адам баласының игілігіне тәуелді етті» (67:15)

Яғни біз жерде не істесек те ол көнеді, төзеді.

«Олай болса, осы жердің айналасында жүріңдер және рызық-несібелерінді іздеңдер. Және оған қайтып ораласыңдар» (67:15)

Осы аяттан, Аллаһ Тағаланың бізді еңбек етуге, амал етіп рызық-несібемізді іздеуге шақырып жатқандығын көреміз. Абайдың бес асыл істің біріншісі – талап, еңбек дегендігі де осыдан шыққан.

Енді, талап, еңбек дегеннен біз адамның дүниелік іс-әрекетін көреміз. Адам еңбектенуі, ізденуі керек. Алайда, «талап, еңбек, терең ой» дегенде, неліктен Абай «терең ойды» айтып жатыр? Адам баласы жан-жануар секілді дүние үшін ғана күн көрісі болып қалмауы керек. Адам болғаннан кейін терең ойлауы керек: **«Қайдан келдік? Не үшін келдік? Қайда барамыз?»**. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде айтады:

«Біз Адам баласын ардақты еттік» (17:70)

Демек, адам баласының ардақты болуы - ақылдың берілуінде. Абай атамыз бір сөзінде айтады:

«Ақылдыға иман парыз, имандыға шарифат парыз».

Міне, шарифатымызда, дініміздегі ақылдың орнын Абай атамыз ашық, айқын көрсетіп отыр.

«Қанағат, рақым ойлап қой». Адам баласына қажет болған сипаттардың бірі – қанағат. Қанағат – ол тақуалықтан.

Али (р.а.)-дан: «Тақуалық дегеніміз не?», деп сұрағанда, Али (р.а.) былай деп жауап берді:

«Тақуалық дегеніміз Алладан қорқу, Құранға амал ету, ақірет күніне дайындалу және барынша қанағат тұту».

Қанағат дегеніміз – мейірімділік, рақымдылық. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

Міне, Пайғамбарымыздың келуі де, бұл әлемге жіберілуі де мейірімділік үшін. Олай болса, қанағатшылдық, мейірімділік, кешірімді болу Абай айтып отырған бес асыл іс осы екен. Осы бес істі біз жаттап, бойымызға сіңіре білуіміз керек, құрметті мұсылман бауырлар, жамағат. Қайталап айтатын болсақ:

«Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой».

Талап етуіміз керек, еңбек етуіміз керек. Алайда, өзіміздің кім екендігімізді, қайдан келгендігімізді, не үшін келгендігімізді, қайда баратындығымызды білуіміз керек, ойлануымыз керек, Алланың хиқметін сезінуіміз керек. Сол үшін «терең ой» деп айтып жатыр.

«Қанағат, рақым» адам бойында болуы тиіс екі үлкен сипаттың бірі.

Олай болса, құрметті ағайын, ардақты жамағат! Осы бес қасиетті бойымызға сіңіріп, Абай атамыз айтқан осы бес асыл істі қабыл алайық.

سبحانك و بحمدك، نشهد أن لا إله إلا أنت، نستغفرك و نتوب إلي

Жанболат Сапашов: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Құрметті Алматы телеарнасының көрермендері. Әуелі Аллаһ Тағалаға, Өзінің тәубешіл құлдарын және тазалықты сүйетін, Жаратқан Жаппар Иемізге сансыз мақтаулар мен мадақтар болсын және де бізге сол тазалықты үйретіп кеткен Пайғамбарымызға ﷺ Алланың игілігі мен сәлемі болсын.

Жалпы, негізі, ислам діні тазалыққа негізделген ең таза діндердің бірі болып есептеледі.

Себебі, Аллаһ Тағала Өзінің Қасиетті Кітабында:

«Расында, Аллаһ Тағала тәубешіл және жаны тазалықты жақсы көретін, көбірек дәрет алатын құлдарын, пенделерін жақсы көреді»

десе, басқа бір аятта, яғни алғаш түскен аяттарда Аллаһ Тағала тазалыққа мән берген. Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ:

«Ей бүркенген жан, түр да үмметіңді дағуатта, насихатта. Үмметіне Меннен түскен мына аятты, уахиды жеткіз, Раббыңды ұлықта және киімінді таза ұста»,

деп Аллаһ Тағала алғашқы түскен аяттарда да тазалыққа мән берген. Жалпы тазалық бірнеше түрге бөлінеді. Ең бірінші тазалық – жанның, рухтың тазалығы, яғни жүректің таза болуы. Пайғамбарымыз ﷺ:

«Расында, адам денесінде бір кесек ет бар. Егер де сол ет бұзылса, адамның бүкіл денесі бұзылады. Ал енді сол ет жақсы болса, адамның барлық денесі жақсы болады. Ол жүрек емес пе? Жүрек мына жерде», деп жүрек тұсын көрсеткен.

Негізгі, бірінші тазалық – рухани тазалық. Одан кейін барып, материалды, яғни физикалық тазалықтарға өтетін болсақ, ол дене тазалығы. Денемізді таза ұстау. Бұл нәрсе бес уақыт құлшылығымызды орындайтын кезде алатын дәретіміз. Осы нәрсе, ислам дінінің дене тазалығына жіті мән бергенін дәлелдейді.

Одан кейін барып киімнің тазалығы. Намаз оқыған кезде біз киіміміздің тазалығына мән беруіміз керек. Жоғары аталған аятта Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ:

«Киімінді таза ұста, Раббыңды ұлықта», деді.

Және одан бөлек, намазға тұрған кезде мекенімізді, сәжде жасайтын орнымызды да таза ұстауымыз қажет. Бұл да тазалықтың бір түріне жатады.

Мәне, тазалықтың осындай бірнеше түрі бар. Және одан бөлек, қоғам тазалығы, айналаны таза ұстау, үйді таза ұстау, қоршаған ортаны таза ұстау да дініміздің негізгі ұстанымдарының бірі болып есептеледі. Тазалық деген кезде, біз тазалықтың осы түрлерін түсінеміз.

Пайғамбарымыз ﷺ :

«Тазалық - бұл иманның жартысы», деп өзінің хадис шарифтерінде айтқан.

Қараңыздар, пенденің Жәннәттық не Тозақтық болатынын шешетін, негізгі амал, нәрсе - иман мәселесі. Біз қанша жақсылық жасасақ та, қанша садақа берсек те, қанша құлшылық жасасақ та, намаз оқысақ та, тұңғыш түнімізде тахаджуд намазына тұрсақ та, мейлі қажылыққа барайық, қаншама қайырымдылық жасайық жүрегімізде иман болмаса бұл амалдарымыздың барлығы Алланың құзырында қабыл болмайды.

Міне, тазалық деген нәрсені Пайғамбарымыз ﷺ иманның жартысы деп отыр. Одан бөлек, Қасиетті шариғатымыз, астың да адалдығына, тазалығына қатты мән берген. Мысалы, Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда:

«Ей, иман келтіргендер, Біз сендерге берген таза, адал астан ғана тұтыныңдар», дейді.

Міне, қасиетті шариғатымыз бүкіл ас болсын, киім бослын, дене болсын, тұратын жеріміз болсын, қоршаған ортамыз болсын барлық жердегі тазалыққа осылайша жіті мән берген.

Ерсін Әмире: Бала тәрбиесі жайлы

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Ассалямү алейкум, құрметті көрермендер! Аллаһ Тағала баршаныздың тұтқан оразаларыңызды қабыл қылсын. Бүгін сіздермен бала тәрбиесі жайында сәл сөз қозғамақшымыз.

Қазақта «**Балаңды аясаң, аяма**» деген жақсы сөз бар. Яғни, егер сен балаң үшін алаңдасан, оның болашақта үлкен тұлға болғанын қаласаң, қоғамға, отбасына пайдалы, елдің азаматы болғанын қаласаң, жас кезінде оған тәрбиені дұрыстап бер. Өйткені, ол өзінің пайдасын білмейді, сен оның пайдасын білесің. Бала қыдырғысы келеді, ойнағысы келеді, сол уақытта, сен балаңды жақсы көрсең, оны дұрыстап тәрбиелеп, оның болашағына алаңда.

Жалпы, бізде «тәлім-тәрбие беру» деген сөз бар. Яғни, сіз балаңызға екі нәрсе беруіңіз қажет. Білім және тәрбие. Кішкентай кезінде оның білімге деген құштарлығын арттырып, мейілінше білім алып қалуына әрекет жасауыңыз керек.

Алдыңғы уақытта орын алған мынадай бір оқиға бар. Харун Ар Рашид деген ислам әлемін басқарған халифа болған. Ол кісінің Әмин және Мамун деген балалары, өзінен кейін басшы болады. Ол екеуінен кейін басқа баласы, Муатассым басшылықты, елдің тізгінін қолға алады. Сол баласы, алдыңғы балалары сияқты оқымаған екен. Алдыңғы балалары білімді болған, тілді, саясатты, дінді жетік меңгерген екен. Ал Мутасым ондай емес еді. Себебін сұраған кезде, ол кісі айтады екен: «Мен кішкентай кезімде оқуды, білімді жақсы көрмейтін едім. Бірақ, әкем мені бір досыммен қосып, ұстаздарға тәлім, білім алуға жіберетін. Сөйтіп жүрген кезде, бір күні досым ауырып қайтыс болды». Әкесі бір күні баласынан сұрайды: «Жанындағы досың қайда? Көрінбейді ғой. Екеуін бірге барып сабақ алатын едіңдер ғой», деген кезде, баласы: «Ол өлді де, ұстаздардан сабақ алудан құтылды», деген сөзді айтады. Сонда, Харун Ар Рашид баласына қарап тұрып: «Сен ұстаздардан сабақ алуды, білім алуды соншалықты жек көресің бе? Сонда сен үшін өліп қалу рахат болып тұр ма? Егер білім алуды соншалықты жек көретін болсаң, онда өзіңді қинамай ақ қой», дейді. Сөйтіп, бала сабаққа баруды тоқтатады. Кейін, өсіп, басшылыққа келген кезде дұрыс білім алмағаны байқалады. Тілі дұрыс болмайды, дінді дұрыс білмейді, саясатты жетік меңгермеген. Сондай кемшілік тұстары басым басшы бірден көрінеді. Сонда ол кісі өкініп, жанындағы адамдарға айтады: «Әкем Харунның махаббаты маған зиянын тигізді», дейді екен. Ол, «Әкем жақсы болды. Мені қыдыртты, аяды, ойнатты, оқуға мәжбүрлеген жоқ», деп жатқан жоқ, «Әкемнің махаббаты мені құртты, маған зиян жеткізді», деп айтқан екен.

Қазіргі таңда, қаншама әкелердің балаларға деген махаббаты сол балалардың болашағын талқандап жатыр. Сіз балаңызды жақсы көресіз, оны аяйсыз. Ол телефонға қызығады, оған телефонын алып бересіз. Ойындар ойнағысы келеді, таңертеннен кешке дейін оның ойын ойнауына рұқсат бересіз. Бір нәрсені оқы, жатта десеңіз, көзінен жас шығады. Оның жасын көріп, сіздің жүрегіңіз ауырады. «Жарайды, ойнасын. Бала ғой», деп айтып, сонымен қанша ата-ананың балаға деген махаббаты, сол баланың болашағын талқандап отыр.

Тағы бір келесі оқиға бар. Бір кісі, өзінің қызын жастайынан Құран жаттататын ұстаздарға алып барады. 4-5 жасынан бастап, балабақшадан немесе мектептен шықса, бірден оны Құран жаттататын арнайы орталықтарға апарды екен. Басқа құрбылары ойнап кетеді. Бұны әкесі апарып, Құран жаттатады. Бұл іс күнде қайтланады. Бір күні, қызы жылап айтады: «Әке, сіз мені жақсы көрмейсіз бе? Сіздің маған жаныңыз ашымайды ма? Неге мені мәжбүрлеп Құран жаттатасыз? Басқа құрбыларым ойнап жүр ғой», деп айтқан кезде әкесі: «Қызым, сабыр ет. Білім ал», деп әрі қарай Құран жаттатқыза берген. Кейін, 11-сыныпты бітіріп шыққан кезде, әлгі қыз қари болып, мектеппен бірге Құранды жаттап шығады. Сонда әкесі, қызына қарап тұрып айтады: «Қызым, есінде ме, бір кездері сен «Неге мені жақсы көрмейсіз, құрбыларыммен ойнатпайсыз? Маған Құран жаттатқызасыз», деп айтқан едің. Ал қазір енді не дейсің? Қарашы, сенің құрбыларың да мектеп бітірді, сен де мектепті бітірдің. Бірақ, мектеппен қатар, сен Құранды жаттап шықтың, қари болдың», деп айтқан кезде, қызы көзіне жас алып: «Рахмет, Әке. Сізге Аллаһ Разы болсын. Сіз сондай керемет әке болдыңыз», деген. Сол кезде әкесі тұрып: «Сол кездегі қиналғаныңнан сен қазір бір нәрсе сезіп тұрсың ба?», қызы: «Жоқ» деп жауап берді.

Сіз балаңызды сәл қинап, оны тәрбиелейсіз. Ойнап өскен баланың да балалығы өтеді, біліммен өскен баланың да балалығы өтеді. Бірақ, ертең білім алған бала білімінің жемісін көреді. Ал ойнап өскен бала, білім алмай, бос өткізген уақытына өкінеді.

Қазір, сол жасында білім алған балалардың ешқайсысы «Соның азабын көріп, қиналып жүрмін», деп айтпайды. Керісінше, ата-аналарына рахметін айтады. Сол үшін де қазақ **«Балаңды аясаң, аяма»** дейді.

Балаңызға көбірек көңіл бөліңіздер. Ұлт тәрбиесіне көңіл бөлейік. Өйткені, ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Біз ұрпағымызды қалай тәрбиелейміз, ұлттың болашағы соған тікелей байланысты. Егер, ұрпағымыз сапалы тәрбие алатын болса, онда ұлтымыз сапалы болады. Демек, сіздің балаңызға берген жеке тәрбиеңіз – ұлттың болашағына қосқан үлесіңіз болып табылады.

Әрбір мұсылман ұлттың болашағына өзінің жақсы үлес қосуын Аллаһ Тағаладан сұраймыз. Аллаһ Тағала балаларымызды тәрбиелі, екі дүниеде абыройларыңызды асқақтататын, ізгі ұрпақ болуын нәсіп етсін.

Ернар Мәжен: Дені саудың - жаны сау

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

«Дені саудың – жаны сау». Ұлы Аллах тағала Мейірімімен адам баласын ең көркем түрде жаратқандығын Құран Кәрімде баяндайды. Бүкіл жаратылыстың ішінде сондай көркем, келбетті, әрлі, сымбатты қылып жаратқан Алла Тағала адам баласын жақсы денсаулық, игілік және осы жер бетіндегі бүкіл нығметін адам баласының қызметіне ұсынған екен.

Пайғамбарымыз ﷺ:

«Көп адамның қадір-қасиетін білмей, қолдан шығарып алып, өкінетін, баға жетпес екі нығметы бар. Біріншісі, бос уақыт. Екіншісі, денсаулық».

Қарап тұрсақ, уақыт дегеніміз – ол біздің өміріміз. Ал уақыттың босқа өткені, өміріміздің босқа өткені деген сөз. Уақытымыздың босқа өткенін біз еш уақытта кері қайтара алмаймыз. Алла Тағала бізге уақытты есептеп жаратып берген. Ажал уақыты келіп жеткен кезде, бір минутқа, тіпті бір секундқа оны ұзарта алмайтынымызды біз білеміз.

Ал екінші нығметіміз, ол – денсаулық. Иманнан кейін адам баласына берілген ең ұлы нығмет – ол денсаулық. Себебі, денсаулықтың бағасы, оның құны еш нәрсемен есептелмейді. Сол үшін де Пайғамбарымыз ﷺ осы хадисте айтылған екі нәрсе егер қолдан шығатын болса, оны кері қайтару мүмкін болмайтыныдығын айтады. Ал егер денсаулығымыз жоқ болса, біздің еш нәрсеге зауқымыз тартпайды, көңіліміз аумайды. Алланың алдындағы құлшылық-ғибадатымызды, міндетімізді де лайықты дәрежеде орындай алмаймыз. Өйткені, ауырып тұрған кісінің намазы, оның көңілі, хошуының дұрыс болмайтыныдығын біз жақсы білеміз.

Жақындап келген Рамазан айының оразасында да денсаулығыңыз болмайтын болса, ол оразадан да мақрұм боламыз. Ал денсаулығы болмаған адамның оразаны ұстай алмай қалуы, сол оразаның қаншалықты шарапатынан, игілігінен құр қалатынын біз жақсы білеміз. Өйткені, Пайғамбарымыз ﷺ бір күндік себепсіз қаза болған оразаның Рамазанның тұсында өмір бойы ұсталған оразаның сауабынан артық екендігін бізге баяндап жеткізген. Ал егер біз денсаулығымызға мән бермей, Аллах Тағаланың дініміз исламда харам етіп, тыйым салынған істерді істеу арқылы, жеме деген нәрселерін жеу арқылы, ішпе деген нәрселерін ішу арқылы денсаулығымызды құртатын болсақ, Алланың бізге берген асыл аманатына қиянат жасайтын болсақ, өмірдің де мәнісі, қызығы қалмайды. Міне, сондықтан, мұсылман баласы Алланың аманаттап берген, баға жетпес аманатын қолынан келгенше аялап, бағып және сол денсаулықтың, амандықтың ұзақ болуына амал жасауы керек.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», деген бабаларымыздың жақсы сөзі бар. Сондықтан, мұсылман баласы ауырғаннан кейін барып сол ауруына ем іздеуден бұрын, сол ауырмайтын жолдарды іздеу керек. Ал енді ауырмайтын жол исламда, Пайғамбарымыз ﷺ сүннетінде анық, ашық көрсетілген біздерге. Егер кімде-кім шариғатпен, исламмен жүріп

тұратын болса, өзіне берген аманатқа мұқият болатын болса, оның денесі де сау болатынын бәріміз де жақсы білеміз.

Денсаулықтың қаншалықты бағалы екендігіне мысал ретінде жұпыны, қайыр тілеп отырған кедей адамның зар жылап: «Мен бейшарамын, түгім жоқ, тақыр кедеймін», деп отырған кезде, жанынан өтіп бара жатқан бір хикмет иесі, хәкім келіп: «Сенің түгім жоқ па?», «Иә, менің түгім жоқ бейшарамын», деп айтады. Сонда, қалтасынан бір дорба ақша шығарып: «Мен саған мына алтынды беремін, бірақ оның орнына сенің кішкентай саусағыңды кесіп аламын», деген кезде, әлгі қайыр тілеп отырған кісі орнынан атып тұрды да: «Жоқ», деп айтты. «Жоқ, мен саған мына алтынды беремін. Сеннен көп нәрсе сұрап тұрған жоқпын, саусағыңды ғана кесіп аламын», деген кезде, «Жоқ», деген жауапты естиді. Сонда айтқан екен: «Көрдің бе?! Сен түгім жоқ деп зар жылап отырсың. Бірақ бір дорба алтынға өзіннің кішкентай саусағыңды айырбастағын келмейді. Демек, сен бай адамсың», деп айтты екен.

Жалпы, ғалымдардың зерттеуі бойынша күніміздегі ең мықты камера аппаратының ары кетсе 56 немесе 100 мегапиксель болатын болса, адам баласының көзі 556 мегапиксель екен. Мніе, сол көздің қызметін атқаратын бір технология, аппарат жасау үшін, кем дегенде 65 миллион доллар қаражат жұмсалады екен. Оның, ең кішкентай болған түрінің өзінде, кәдімгі, орта көлемдегі үй секілді болады. Ал енді Алла Тағала дәулет беріп, 130 миллион долларға сол екі көзді сатып алуға мүмкіндік берген күннің өзінде, сол екі көзге байланып, арқамдалған ат секілді ешқайда жылжи алмайтындығымыз анық. Міне, Алла Тағала қарапайым көздің осыншалықты бағалы екендігін, және әрбір денеміздің, мүшелеріміздің қаншалықты бағалы екендігін біздерге осыдан ашық, анық байқауымызға болады.

Сондықтан, көрген көзіміздің, естіген құлақтың, иіскеген мұрынның, сөйлеген ауыздың, тілдің, ұстаған қолдың, басқан аяқтың, соққан жүректің, қорытқан асқазанның ақысын ешкім өтей алмайды екен.

Бізді, мұсылман адам баласы ретінде, ақылды адамға иман парыз болатын болса, иманды адамға ғибадат парыз. Алланың осындай бізге сансыз берген нығметіне ықтиятпен қарап, барынша қолымыздан келгенше сол денсаулыққа жақсы қарап, деніміздің саулығына мән беретін болсақ, Ин шаа Аллах, біздің ақіреттегі ғұмырымыздың да, бұл дүниедегі ғұмырымыздың да мәні, сәні, бағасы болады екен.

Алла Тағаланың бізге берген денсаулығын аялап, қарап, деніміздің сау болуын, сол арқылы жанымыздың да сау болуын, бүкіл ел-жұртымыздың дені сау, салауатты ел болуын Алла Тағала баршамызға нәсіп етсін.

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Алла Тағаланың атымен бастаймын. Күллі мақтаулар мен мадақтар Әлемдердің Раббысы Аллаха Тағалаға, Оның сүйікті Елшісіне, отбасына, сахабаларына Алланың сәлемі мен салауаты болсын.

Бүгінгі қозғайтын тақырыбымыз - «Көркем мінез – адамның көркі».

Құран Кәрімде Алла Тағала Пайғамбарымыз ﷺ біз үшін үлгі деп сипаттайды:

«Көркем үлгі».

Бірақ, бізге қай қырынан да ол кісінің үлгі екендігін баяндап тұрса да, Құранда Алла Тағала ол кісінің мінезін ерекше сипаттайды:

«Сөзсіз, сен көркем мінез иесісін», дейді.

Ендігі жерде қарасақ Пайғамбарымыз жан-жақты бізге үлгі бола тұра, неге Алла Тағала тек осы көркем мінезділігі жағынан Пайғамбарымызды дәріптеп жатыр? Және Пайғамбарымыз ﷺ да өзінің хадисінде:

«Мен көркем мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілгенмін», деген.

Пайғамбар ﷺ бүкіл миссиясын алып қарайық, оның Пайғамбарлығы, оның уахиды бізге жеткізуі, құлшылықта, ғибадатта бізге үлгі болуы, өмірде қалай әке болу керек, қалай жар болу керек, сол бүкіл Пайғамбарлық миссиясын бір шетке қойып, Пайғамбарымыз ﷺ бізге көркем мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілдім», деп осы бір-ақ ауыз сөзбен бізге білдіріп жатыр деп ойлайсыздар? Себебі шынында да бұл көркем мінез – кісінің көркі екен. Егер сіз көркем мінезді бола білсеңіз, сіздің жаныңызға сондай адамдар да жиналады. Оған қатысты

Аллах Тағала Пайғамбарымызға айтқан:

«Егер сен қатты жүректі болғаныңда, жаныңда ешкім қалмас еді. Бәрі қашып кетер еді», дейді.

Сол үшін, жұмсақтылық, көркем мінезді болу, жанына адамдарды жинай білетін, төңірегіне тек жақсылардың жиналатынна себеп болатын бірден-бір осы екен.

Көркем мінезді бола білген адамның сөзі өтімді болады. Сөзіне ісі сай болады. Себебі, біздің қоғам алдындағы жарты сағаттық сұхбатымыз, немесе өзгелердің адындағы бір сағаттық сөзіміз емес, ар жағындағы 23 сағаттық өміріміз. Шын мәнінде, айтып жатқан сөзің ісіне сәйкес па? Өмірінде сондайсын ба, соған қаралады. Сол үшін қияметте «қонысын, көршін» деген сөз неліктен айтылады? Себебі, ол сенің қандай екендігіңді біледі. Күнделікті сенің іс-әрекетіне ол куә. Сол үшін, көркем мінезді бола білу үшін адам баласы өзінің бойындағы қисық қылықтардан арылуға тырысу керек.

Көркем мінез деген тек қана жымып жүру деген сөз емес. Егер бүкіл ізгі сипаттардың барлығын жинайтын болсақ, араб тілінде «хуснун хульк» деген сөз бар. Пайғамбарымыз ﷺ айнаға қарап тұрып мынадай дұға жасайды екен:

«Уа Раббым, менің жаратылсымды көркем еттің. Ендеше, мінезімді де көркем етші».

Шынымен де қарасаңыз, бүкіл жаратылыстардың ішінде адамзаттай сұлу жаратылыс жоқ. Сұлу болып тұрған құстың өзіне жақындап қарасаңыз, адамзаттай сұлу емес. Үстінде түктері, мұрны, көзі немесе басқа бір жері келіспей тұрады. Адамзатты қараңызшы. Барлығын Аллаһ Тағала кемелдік деңгейінде жаратты. Ал енді Пайғамбарымызда ﷺ Аллаһ Тағала Өзі мақтап тұр:

«Сен көркем мінез иесісін», деп.

Бірақ Пайғамбардың өзі айнаға қарап тұрып: **«Менің кескінімді көрікті еткеніндей,**

мінезімді де көрікті етші», деп дұға жасауда.

Олай болса, сіз бен біз екі бастан дұға жасап, сұрауымыз керек. Пайғамбарымыз ﷺ өзі Аллах Тағаладан сұрап жатқанда, сіз бен біз кімбіз оның жанында? Кісімен амандасу барысында, өзгелермен мәміле жасау барысында, сауда-саттықта, келісім-шарттарда адамның бойындағы сипат, мінез көрініс тауып жатады. Сол үшін, қоғамдағы өзгелермен қарым-қатынасқа біз ерекше мән беруіміз қажет.

Бірде Пайғамбарымыздың ﷺ алдына бір кісі келіп: **«Уа Алланың Елшісі, ислам дініндегі ең жақсы амал қандай?»**, деп сұрағанда, Пайғамбарымыз ﷺ: **«Көркем мінез»**, дейді. Әлгі кісі, шамалы уақыт өтіп, қайта келіп: **«Уа Алланың Елшісі, ислам дінінде ең жақсы амал қандай?»**, деп сұраған кезде, Пайғамбар ﷺ: **«Көркем мінез»**, деп толыққанды бұрылып жауап береді. Араға біраз уақыт салып, әлгі кісі тағы келіп сол сұрағын қояды.

Пайғамбарымыз ﷺ толықтай денесімен бұрылып: «Көркем мінез», деп жауап береді. Әлгі кісінің сұрағысы келгені бәлкім басқа нәрсе болар. Пайғамбарымыздың сөзің бөлгісі келмей, мүмкін айтып қалар тағы да басқасын деп, сол жағынан келіп қайта сол сұрақты қойған. Пайғамбарымыз ﷺ ешқашан басымен ғана бұрылып жауап бермейді екен.

Толықтай денесін бұрып, сол кісіге қарап отырып: **«Сен менің айтқанымды түсінбедің ау?»**, деп Пайғамбарымыз 3-4 рет қайтарыла сұрақ қойылса да, оған ашу таңытпай, зекімей, көркем мінезділікті ісімен көрсетті.

Аллах Тағала баршамыздың мінезімізді көрікті етсін, кескін-келбетімізді көрікті еткендей, мінезіміздің де көрікті болуын нәсіп етсін.

Кульмусаков Мейіржан: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Құрметті көрермендер! Аллах Тағала баршамыздың Қасиетті Рамазан айында ұстаған оразаларымызды қабыл етсін, әрбір жасаған құлшылық ғибадаттарымыз Аллах Тағаланың разылығына сай болсын. Бүгінгі айтатын уағызымыздың тақырыбы – «Ата-ананың бала алдындағы міндеті» жайлы болмақ.

Әкенің балаға қалдырған ең үлкен мұрасы, мирасы – ол, әрине, бала-шағасына берген жақсы тәрбиесі. Егер, біз дер кезінде өзіміздің ұл-қыздарымызға сол тәрбиесін бере алмаған болсақ, бұл соңында өкіндіруге алып келетін нәрсе. Сондықтан, Аллах Тағала бізге ұл-қыздарымызды аппақ қағаз ретінде, ештеңе жазылмаған күйінде беріп отыр. Ал енді сол аппақ парақты жазып, сызып, соған жөн, бағыт-бағдар беретін ұл-қыздың ата-анасы, біздер болмақпыз. Сондықтан, ол жерге біз қандай дұрыс бағыт-бағдарды көрсете білсек, ол дегеніміз біздің ұл-қыздарымызға берген үлкен мұрамыз болып саналады. Сондықтан, Аллах Тағала Құран Кәрімде:

«Әй мүминдер, өздеріңді және үй-іштеріңді отыны тастан болған Оттан қорғаңдар», деп бұйырған екен.

Міне, осы аят бізге тәрбиенің, біздің беретін негізгі мұрамыздың қаншалықты жауапты екендігін білдіріп отыр. Енді, осыларды біз бөліп-жарып айтатын болсақ, нақты балаларымыздың алдындағы міндетіміз қандай? Бірінші, екінші деп саралап отыратын, қатып қалған қағида жоқ. Десе де, біріншісі деп айтайық, жанұямыз, бала-шағамыздың алдындағы міндетіміз – олардың материалдық жағдайын жасау. Пайғамбарымыз ﷺ айтады:

«Адам баласының жұмсаған ақшасы ішіндегі ең жақсысы - отбасына жұмсағаны».

Қарап отырсаңыздар, біз әрдайым Аллах Тағаланың разылығын алу мақсатында көптеген хайырлы, ихсан амалдар жасап жатамыз. Бірақ, ең жақсы амал, ең жақсы жұмсалған дүние – бұл сіздің бала-шағаңызға жұмсалған ақшаңыз, деп Пайғамбарымыз ﷺ өзіміздің жанұямызға, ұл-қыздарымызға деген міндеттеріміздің нақтысын осылай көрсетіп берген екен.

Одан кейін, жалпы балаларымызға беретін тәрбиелеріміздің ең негізгісі – жүректегі имани тәрбие беру. Өйткені, Аллах Тағаланың Қасиетті Құран Кәрімінде Лұқман (а.с.)-ның балаларына берген өсиеттері айтылады. Соның ішінде Лұқман (а.с.) өзінің баласына:

«Ей балам, Аллах Тағалаға серік қоспа. Өйткені, серік қосу - ол ең үлкен зұлымдық», деп айтады екен.

Міне, осы жердегі ең бірінші баласына үйретіп отырған нәрсесі, ешқашанда Аллаға серік қоспау. Демек, біздің де міндетіміз – өзіміздің ұл-қыздарымызға Аллах Тағаланың дінін, Аллах Тағаланың Бар екендігін, Бір екендігін және Оған ешқандай серік қосуға болмайтындығын айту біздің міндеттерімізден болып саналады. Одан кейін, аяттың жалғасында айтылады:

«Ей балам, сен мейлі кішкентай бір дәннің бөлігіндей болсаң да, немесе сахарадағы құмның арасында болсаңда, тастың ішінде болсаңда Аллах Тағала саған оның барлығын алып келеді», дейді.

Яғни, біздің істеп жатқан дүниеміздің барлығы Аллах Тағаланың құзырында, Аллах Тағаланың біліп тұрғандығын бізге осылай жеткізеді. Әрі қарай, Лұқман (а.с.) өзінің өсиет сөздерің жалғастыра отырып былай дейді:

«Ей балам, намаз оқы, адамдарды жақсылыққа шақыр және жамандықтан тый. Егер осы нәрселерді жасағаннан кейін басына қиындық келіп жатса, оларға сабыр ет. Және адамдарға жүзіңді көтеріп, тәкәппарланба және жер бетінде тәкәппарланып жүрме», дейді.

Яғни, баласына айтқан өсиетінде: «Сен өмірі тәкәппар болма, адамдарға мұрныңды шүйіріп қарама және жер бетінде жүрген уақытта өте қарапайым болып жүр, тәкәппар болма», дейді екен.

«Аллах Тағала ешқашанда тәкәппар болып жүрген, жүзің жоғары көтеріп жүрген адамдарды жақсы көрмейді».

Сондықтан, біздің тағы да перзенттерімізге беретін негізгі міндеттеріміздің бірі – оған имани тәрбие беру, Алланың Бар және Бір екендігін үйрету және адамдар алдында тәкәппарланбауын, өзінің болмысын, қарапайымдылығын сақтауды үйрету екен. Одан кейін, бұның барлығын үйрету үшін ең алдымен бұл қасиеттердің барлығы өзімізде болу керек. Егер де бұл қасиеттер өзімізде болмайтын болса, онда біз оны перзенттерімізге де бере алмаймыз.

Тағы бір міндетіміз – жақсы ат қою. Жақсы ат қою деген сөз, біріншіден, ол ат Аллах Тағалаға

ұнамды болу керек, екіншіден, адамдарға ұнамды ат болу керек. Кейде, кейбір ата-аналар өздерінің перзенттеріне ат қойған кезде, ол атты мағынасы дұрыс болмағандықтан, басқалары күлкіге айналдырып жатады. Ол біраз уақыт, бала өскеннен кейін бала өзінің атынан намыстанып, түрлі психологиялық жағдайларға алып келуі мүмкін. Сондықтан, ат қою мәселесінде де ата-ана мұқият ойланып, дұрыс, жақсы атты таңдап қою керек.

Одан кейін, тағы да бір негізгі міндеттеріміздің бірі – ұл-қыздарымызға жақсы, пайдалы білім беру. Мейлі ол діни білім болсын, мейлі дүниелік білім болсын, ол білім өзіне және ақіретіне пайда алып келетін, екі дүниелік ілімді үйрету де біздің міндетіміз болып саналады.

Одан кейінгі тағы бір айта кететін мәселе, ұлымызға салиқалы әйел тауып, қызымызды иманды жігітке беру де міндетімізге жатады.

Міне, осы айтып өткен негізгі нәрселеріміз - біздердің ұл-қыздарымызға беретін негізгі нәрселеріміз. Әрине, бұдан басқа да, артық беретін, айтатын нәрселеріміз көп. Біз осы қысқа уақыттың ішінде керекті, негізгі дегендерін айтып, осы уақытқа сыйдыруды жөн көрдік.

Аллах Тағала біздердің өсіріп отырған ұл-қыздарымызды, перзенттерімізді Өзінің Разылығына сай, құлшылық ететін және өзінің ата-анасын жерге қаратпайтын, атақ-абыройын асқақтататын перзенттерден болуды нәсіп етсін.

Бауыржан Әлиұлы: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Құрметті мұсылман бауырлар. Біз өз дәрісімізді Аса Рақымды, Ерекше Мейірімді Алла Тағаланың атымен бастаймыз. Пайғамбарымыз ﷺ оның отбасына, сахабаларына, және Қиямет күніне дейін келетін барша мұсылмандарға Алланың салауаты мен сәлемі болсын.

Құрметті мұсылман бауырлар, Алла Тағала жасап жатқан құлшылықтарыңызды, тұтқан оразаларыңызды, жасап жатқан ғибадаттарыңызды қабыл етсін. Пайғамбарымыз ﷺ –ның сахабасы Абу Хурайрадан риуаят етілген мынадай әйгілі хадисі бар:

«Адам баласының жасаған бүкіл іс-әрекеттері өзі үшін. Және әрбір жасалған сауапты іс 10 еседен 700 есеге дейін артады. Алла тағала былай

деп бұйырады: **«Бірақ, ораза бұған кірмейді. Ораза Маған тиесілі. Және оразаның сыйын тек Мен ғана беремін. Ол Менің разылығымды қалап, мен үшін құмарлықтарынан, тағамнан, сусыннан бас тартты». Ораза ұстаған кісінің екі қуанышы бар. Әуелгі қуанышы ауызын ашқан сәтте, екінші қуанышы Раббысымен қауышқан сәтте. Және ораза ұстаған адамның ауызынан шыққан иіс, Алланың құзырында миск, хош иісті судан артық»,** деп айтқан екен. Бұл хадисты, әйгілі хадис ғұламалары имам Бухари және имам Муслим (р.а.) хадис жинақтарында келтірген.

Хадистың түсініктемесіне тоқтайтын болсақ, ғалымдарымыз келесі нәрсені айтқан. Пайғамбарымыз ﷺ –ның сөзіне мән берсеңіз, былай деп айтады:

«Адам баласының жасаған әрбір іс-әрекеті өзі үшін. Ал тиісінше жасалған сауапты амал іс, 10 еседен 700 есеге дейін сауабы артады. Аллах Тағала айтады: «Ораза бұған кірмейді. Ол Маған тиесілі, және оның сыйын Мен Өзім беремін», деп.

Ғалымдарымыз, хадистың дәл осы тұсына сүйеніп былай деген: «Демек, шариғат бұйырған істердің ішінде сауабы 10 еседен 700 есеге дейін артатындар бар. Яғни, мұсылман кісі, бір сауапты іс жасайтын болса, ең кемінде ол іске 10 сауап жазылады, ең көбі 700 есеге дейін артады. Ал ораза бұған кірмейді, себебі оразаның сыйы одан артық. Себебі Аллах Тағала Өзі оразаның сыйын оқшаулап тұр. Себебі, ораза – толықтай сабырдан тұрады. Пайғамбарымыз ﷺ бір хадисінде:

«Рамазан айын - сабыр айы», деп айтқан.

Басқа бір хадисте:

«Ораза - сабырдың жартысы», деген.

Басқа бір риуаятта, Пайғамбарымыз ﷺ:

«Рамазан – сабыр айы. Ал сабырдың сыйы тек қана жұмақ», деп айтқан.

Біздің ғұламаларымыздың айтуы бойынша, сабырдың үш түрі бар. Біріншісі, ол, біздің елге ең танымалы, басқа түскен қиындыққа сабыр ету. Екіншісі, Аллах Тағаланың бұйырған ісін орындауға қажетті сабыр. Үшіншісі, Аллах Тағала тыйым салған істерден де аулақ болу үшін сабыр керек. Ғалымдарымыздың айтуы бойынша, осы шариғаттағы үш сабырдың түрінің ораза айында үшеуі де болады. Әуелгісі, ораза ұстаушы адамға, басына түскен қиындыққа, шөлдегенге, қарны ашқандығына сабырлық керек. Бұл әуелгі айтып отырған сабыр. Екіншіден, Рамазан оразасын толықтай атқарып шығу үшін, оған тағы да сабыр керек. Бұл, парызды орындаудағы сабыр. Сонымен қатар, Аллах Тағала бұл Рамазан айында, сіз бен бізге, нәпсімізге ұнайтын тамақ ішу мен сусын ішуден, әйелмен жыныстық қатынасқа күндіз, ораза уақытында түсуге де тыйым салынған. Бұл тыйым салған нәрсеге де шыдамдылық жасау үшін сабыр керек. Демек, осы шариғатта аталған сабырдың үш түрі де түгелдей оразада қамтылған. Сондықтан, ораза басқа құлшылықтарға ұқсамайды, және оның сауабы ерекшеленіп берілетіндігі осы тұстан. Енді, хадистің мәтініне қарайтын болсақ, Аллах Тағала былай деп жатыр:

«Ораза – ол маған тиесілі. Және оның сыйын тек Мен ғана беремін».

Кейбір хадистерде келеді:

«Оразаның сауабы шексіз. Және оның сыйын тек қана Аллах біледі», деген мағынада риуаяттар бар.

Қарап тұрсаңыз, бұл хадисте Пайғамбарымыз ﷺ Аллах Тағаланың, ораза тек Оған тиесілі екендігін айтып жатыр. Себебі, ораза басқа құлшылықтарға қарағанда өзгеше. Ғалымдарымыздың арасында бірнеше көзқарас бар. Сол көзқарастардың ішіндегі кейбіреулеріне мен тоқталып кетейін. Ең әуелгісі, себебі, оразада сіз бен біз өзімізге қажетті, күніге адал деп жүрген астан, судан Аллах Разылығы үшін бас тарту бар. Мысалы, бес уақыт намаз оқитын кісі, күніге 1-1,5 сағат уақытын намаз оқуға арнайды. Намаз оқып тұрған сәтінде мұсылман пенде су ішпейді, тамақ ішпейді және басқа да істерге бармайды. Алайда, бұл Аллах Разылығы үшін осындай әрекеттерге бару, бар болғаны тәуліктің ішінде 1-1,5 сағатқа ғана созылады.

Енді, бізде қажылық деген құлшылық бар. Қажылыққа барған кісі екі матадан тұратын киім киеді. Ол – ихрам деп аталады. Белгілі бір миқаб деген жерге келгеннен кейін, қажылыққа ниет еткен кісі, үстіндегі барлық киімін шешіп, екі матаға оранып, қажылыққа «Ляббәйк Аллаһумма Ляббәйк» деп кіріседі. Осы екі матаға оранғаннан кейін, белгілі бір істерді жасауға тыйым салынады. Мәселен, жыныстық қатынасқа түсуге, иіс су себуге, тырнағын алуға, шашын алуға секілді бірнеше істерге тыйым салынады. Бірақ, белгілі бір істерге тыйым салынғанымен, адамның негізгі қорегі болып табылатын ішіп-жеуге тыйым салынбаған. Ал оразада, біз таң намазы уақытына жетпей, сәресіде ауызымызды бекітеміз. Және ақшам намазы уақыты кіргенге дейін, ауыз бекіткен уақытымыз жалғасады. Кемінде, күніне біз 14-15 сағат ораза ұстаймыз. Сондықтан, Аллаһ Тағала:

«**Ораза Маған тиесілі, және оның сыйын тек қана Мен беремін**», деп айтып отыр.

Аллаһ Тағала баршамызға оразаны лайықты түрде ұстауымызды, және Пайғамбарымыз ﷺ уәде еткен, ораза ұстаған кісілер ғана кіретін Жәннәттың Ар-Райан есігнен кіруімізді нәсіп етсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

Еркінбек Шоқай: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Ассалаумағалейкум, құрметті жамағат! Аллаһ Тағала осы қасиетті айда барша ізгі амалдарды, құлшылықтарымызды қабыл етсін.

Құран – Алланың сөзі. Ал Рамазан айы – Құранның түскен айы. Рамазан айында Аллаһ Тағала Құранды аспан дүниесіне түсірген. Сондықтан, бұл айда біз Құранға көбірек көңіл бөліп, оқимыз. Неге? Себебі, Аллаһ Тағала Құран Кәрімде айтады:

«**Алиф.Лям.Мим. Бұл сондай Кітап, бұл Кітапта ешқандай күдік жоқ**».

Басқа бір кітаптарда қателер болып қалуы мүмкін немесе бір күмән түсіп қалуы мүмкін. Бірақ, оның барлығы Құранға қатысты емес.

«Кімде-кім Алладан қорқып, Алланың рақымына, Пайғамбардың шапағатына лайықты болайын деп өмір сүргісі келсе, Құран соларға тура жол».

Яғни, Құран бізді осы өмірде тура жолға бастайды, және ақіретте, Алланың Разылығына лайықты етеді. Яғни, бір сөзбен айтқанда, екі өмірдің бақытына жетелейтін Кітап. Аллах Тағала тағы бір аятта айтады:

«Бұл сондай Кітап. Ең тура жолға адам баласын бастайды. Кімде-кім ең дұрыс істі, сөзді, әрекетті жасағысы келсе және ең дұрыс жолда болғысы келсе, онда Құранды оқып, Құранды үйреніп, Құранға амал етуге тиіс. Бұл Құран - ізгі амал жасаған, және иманда болған момын мұсылмандарды сүйіншілейтін Кітап, оларды қуантататын Кітап, оларға үлкен сауаптың болатындығын хабарлайтын Кітап», дейді.

Яғни, кімде-кім құлшылықтарын толық орындап, момын мұсылман халінде бұл өмірден өтетін болса, соларға Алланың құзырында сый-сыяпат, Алланың разылығы, Жәннаты бар екендігін, ол Пайғамбардың шапағатына лайықты болатындығын хабарлайтын Кітап. Сондықтан, бұл Кітап момын мұсылмандар үшін осындай қуаныш, сүйінші кітабы. Аллах Тағала бұл Кітапты барша дұшпандық, қастандықтан сақтап қойған. Тағы бір аятта айтады:

«Біз бұл Кітапты, бұл зікірді түсірдік. Алла Өзінің тарапынан Пайғамбарына, Пайғамбары әрі қарай сахабаларға жеткізді, үйретті және оны Біз өзіміз сақтаймыз. Бұл Құранның алдынан да, артынан да, ортасынан да, жан-жағынан да ешқандай өзгеріс ене алмайды. Аллах Тағала бұл Кітапты Қияметке дейін Өзі сақтап қойған».

Қазір біз тарихты қарайтын болсақ, 14 ғасырдан бері, ешбір әріпіне дейін, ешбір аяты, сөзі, сөйлемі өзгермей келе жатқан Құраннан басқа кітапты көре алмаймыз. Сондықтан, Аллах Тағала Өзіміз сақтаймын, бұл Кітап өзгермейді, мәңгілік осылай жалғаса береді, сақталады, деп кепілдік берілген - Аллах Тағаланың сөзі, Құраны.

Кімде-кім өзгермейтін Кітапты оқығысы келсе, онда Құранды оқу керек. Кімде-кім ешбір күдік болмаған Кітапты оқығысы келсе, онда ол Құранды оқысын. Аллах Тағала Құранды үйренген, үйреткен адамдарды жақсы көреді. Пайғамбарымыз ﷺ өзінің хадисінде айтады:

«Сендердің ең жақсыларын Құранды үйреніп, сосын оны үйреткендерін».

Егер де кімде-кім Құранды үйренсе, Оны меңгеріп, ұстанса, өзі соған амал етсе, әрі қарай оны басқаларға үйрететін болса, онда ол Алланың құзырындағы ең хайырлы, ең абзал адамдардан, Аллах Тағаланың сүйікті құлдарынан. Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді:

«Құранды жаттай отырып оқыған құл, Алланың алдында құрметті періштелермен дәрежесі бірдей болады».

Яғни, кімде-кім Құранды жаттап, оқитын болса, Құранға кім амал етіп, құндылықтарын ұстанып өмір сүретін болса, Аллах Тағала оның дәрежесін осылай періштелердің дәрежесіне дейін көтереді екен.

Рамазан айы – ол Құран айы. Рамазан айы – бұл Алланың Кітабын көбірек оқып, үйренетін ай. Рамазан айы осылай өзіміздің дәрежемізді Құранмен көтеретін, руханиятымызды Құранмен әрі қарай байытатын, үлкейтетін сондай бір мектеп.

Аллах Тағала Құранды оқып, оны үйреніп және басқаларға үйрететін Өзінің қайырлы, абзал, сүйікті құлдарынан қылсын. Аллах Тағала Құранмен баршамызды, елімізді, үмметті құрметті қылсын. Келесі кездескенше, аман-сау болайық.

Ернар Мәжен: Батаменен ел көгереді

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

«Батасыз ел – бағансыз», деген бабымыздың тамаша сөзі бар. «Батаменен ел көгерер, жауынменен жер көгерер», деген тағы да керемет даналығы бар. «Атадан бота қалғанша, бата қалсын. Бота бір жұттық, бата мың құттық», деген. Сонымен қатар, «Батасыз құл арымас, батасыз ұл жарымас» деген. Өйткені, бата біздер үшін өте маңызды. Пайғамбарымыз ﷺ дуғаның, батаның маңыздылығын біздерге үнемі көрсеткен.

Жақсылық жасау арқылы ата-ананың жолда қалған мүсәпірдің, жапа шеккен адамның батасын алуға, олардың дұғасын алуға, сонымен қатар салихтар, игілердің батасын алуға біздерді үндеген. Сол үшін де мұсылман баласы қолынан келсе үлкендердің батасын алудың жолын қарастыруы керек. Себебі Пайғамбарымыз ﷺ:

«Мұсылманның мұсылманның сыртынан жасаған дұғасы қабыл», деген.

Ал Пайғамбар ﷺ үш адамның дұғасы мүлтіксіз қабыл болады деген. Біріншісі, ата-ананың бала-шағасына жасаған батасы деген. Демек, біздердің дүниеге келуімізге себепкер болған, бізді бағып-қағып өсірген ата-аналарымыздың алдында қызметте болған, солардың әжебіне жарап, ықыласына бөленудің жолын қарастыру керек. Ал, ата-анаға қызмет жасаудың, оларға игілік жасаудың дініміздегі орның, сауабын баршамыз білеміз. Сонымен қатар, ата-аналардың налысы да қабыл болатынын ұмытпауымыз қажет. Сол үшін де, мұсылман баласы үшін, ата-анасының дұғасын алу деген өте үлкен, керемет сый-сыяпатқа, жақсылыққа, бөленетіндігімізді ұмытпауымыз қажет. Қолымыздан келгенше, сол ата-аналарымызға қызмет жасап, батасын алуымызға баршамызға нәсіп етсін деп тілейміз. Екінші хадисте айтылған кісі – сапарда жүрген, жолда қалған кісілердің дұғасы, батасы. Жолда жүрген кісінің жағдайы өз үйіндегідей болмайды. Сол кезде, егер біз жолаушыны көріп, ол кісі жаяу келе жатса, баратын жеріне дейін жеткізіп тастасақ, немесе қиналып, адасып жүрсе жолын көрсетіп жіберсек, немесе басқа да бір қиындыққа душар болса, сол кісілердің қиындығын кетіріп, сол кісілердің батасын алуға тырысуымыз қажет екен.

Біздер, халық ретінде үнемі құдайы қонақ деп сапарда жүрген жолаушылардың сыбағасын сақтағанбыз. Сол құдайы қонақ келіп, сыбағасын жеп, сол үйге дұға тілеп, бата жасайтын болса, оның тілегінің қабыл болатынын бабаларымыз ежелден білген. Сондықтан біз сапарда жүрген адамдарға қызмет жасап, батасын алуға тырысуымыз қажет. Ал үшіншісі, алданған кісі, жапа шеккен кісі болса, сол кісінің көңілін аулап, көмек көрсетіп батасын алудың да ретін қарастыруымыз керек.

Айтылған үш кісінің батасын алған кісінің Ин шаа Аллах екі дүниеде жүзінің жарық болатындығын біз анық білеміз және сенеміз. Себебі, оны бізге Пайғамбарымыз ﷺ өсиет қылды.

Сонымен қатар, оның теріс жағы да бар. Егер ата-анамыздың налысына қалып, қарғысына ұшырайтын болсақ, онда ол кезде біздің жағдайымыз мүшкіл. Сонымен қатар, сапарда жүрген кісінің, өзі қиналып жүрген кезде бір нәрсесін ұрлап не болмаса одан да қиын жағдайға түсіріп, кері дұғасына қалудың да жаман екендігін білуіміз керек.

Сонымен қатар, өзі жапа шегіп, қиналып отырған кісіге одан әрі жапа шеккіздіретін болсақ, ол кезде жағдайымыздың қиын болатындығын біз білуіміз қажет.

Ислам дінінде бізге үйретілген батаның қабыл болатын уақыты және батасы қабыл болатын кісілер туралы айтылған. Сәті келсе, сол уақытты аңдып, сол батасы қабыл болатын жерде, батасы қабыл болатын кісілердің батасын алатын болсақ, Ин шаа Аллаһ біз еш уақытта жаман болмайды екенбіз.

Сондықтан, бата – мұсылманның азығы. Үнемі дұға алып жүру, жақсылыққа бөленіп жүру – мұсылманның игілігі болып табалады. Мұсылманның мұсылманға дұға жасауы өте маңызды. Себебі, кімде-кім өзінің бауырына жақсылық тілейтін болса, періште де ол кісіге дәл сондай жақсылықты саған болсын деп тілеп, дұға жасайды. Егер де біз, періштелердің бізге дұға жасағанын қаласақ, бір бауырымызға бата жасағанды ұмытпауымыз керек. Пайғамбарымыз ﷺ келесі бір хадисінде:

«Кімде-кім бір науқас, ауру кісінің таңертен барып жағдайын сұраса, сол кеш батқанға дейін 70 мың періште әлгі кісіге дұға жасайды. Ал егер де біреу кеш уақытында барып, сол кісінің жағдайын сұрайтын болса, таң атқанға дейін 70 мың періште ол кісіге дұға жасайды», деген екен.

Сондықтан, қазіргі күнімізде біз 70 кісіге «Маған дұға етші» деп айтатын болсақ, сол 70 кісінің жетеуі дұға ететін болса, соның өзі үлкен олжа болмақ. Әйтпесе, ол да жоқ болуы мүмкін. Ал егер періштелердің бізге бата жасағанын қалайтын болсақ, Ин шаа Аллаһ Пайғамбардың жолымен жүріп, айтқанын істейтін болсақ, екі дүниеде жүзіміз жарық болатындығы анық.

Аллаһ Тағала біздерге үлкендерің, игілердің, салихтардың, жақсылардың батасын алуды, сол батасы қабыл болып, екі дүниеде сол батаның шарапатын көруді баршамызға нәсіп етсін.

Кульмусаков Мейіржан: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Құрметті көрермендер, Аллаһ Тағала баршамыздың мына қасиетті Рамазан айында ұстағана

оразаларымызды қабыл етсін.

Қазақта мынандай бір жақсы сөз бар – «Жетім көрсең, жебей жүр». Ал енді, осы жетім деген кім және мұсылмандардың жетімдерге деген көзқарасы қандай болу керек, бүгінгі сұхбатымызда осы бір мәселелерді айтатын боламыз.

Жетім деген сөз арабтың «ятим» деген сөзінен келеді. «Ятим, ятума немесе ятума» сөзінен шығады, яғни «жалғыз қалу» деген мағынаны білдіреді екен. Демек, жетім қалу деген сөз әкешесінен бірдей айырылып қалған немесе тек қана әкесінен айырылып қалған ұл-қыздарға жетім деген сөз қолданылады екен.

Ал енді, біздің шарифатымызда, фикхта жетім деп балиғат жасқа толмаған, өзінің әкесінен айырылып қалған перзентті жетім деп атайды екен.

Бұл жердегі шарты балиғатқа толмаған болу керек. Егер ол жетім болып, біраз уақыттан кейін балиғат жасына толатын болса, балиғат жасқа келген уақыттан бастап оның мойынынан жетімдігі түсіріледі. Сондықтан, жетім деген өзінің әкесінен немесе екеуінен бірдей айырылған перзент, деп фикхта осы сөзді қолданады екен.

Енді, жетімдер болсын, кедейлер болсын - қоғамның әлсіз топтары болып есептеледі. Алла Тағала адам баласын жаратқаннан бастап біздердің мойнымызға көптеген нәрсені жүктеді. Солардың бірі, осы қоғамның әлсіз топтарына көңіл бөлу, жағдайларына қарау, және шамасы келгенше бұларға көмектесуді асыл дініміз бұйырды. Жетімдер қоғамның әлсіз топтарына жататындықтан, оларға көмектесу, қамқор болу, жанашыр болу - айналасындағы мұсылмандарға жүктелген міндет болып есептеледі.

Қарап отырсақ, жетімдер – тікелей Алла Тағаланың қамқорындағы адамдар деп айтсақ еш қателеспейміз. Өйткені, Алла Тағала «Ниса» сүресінің, 36-аятында:

«Аллах Тағалаға құлшылық етіңдер және Оған ешқандай ортақ серік қоспаңдар. Өзіңе құлшылық жасап болғаннан кейін, ата-аналарыңа жақсы қараңдар, олармен жақсы қарым-қатынаста болыңдар», дейді.

Яғни, Алла Тағалаға серік қоспай, нағыз шынайы мұсылман болғаннан кейін Алланың бізге бұйырып отырған нәрсесі осы.

«Содан кейін, ағайын-туыстарға жақсы қарым-қатынаста болыңдар, оларға көмектесіңдер, байланысты үзбеңдер және одан кейін барып, жетімдерге, кедей-кепшіктерге жақсы қарым-қатынаста болыңдар», деп Аллаһ Тағала бұның бәрін бізге тізбектеп айтып шыққан.

Демек, жақсылық жасау керек болған уақыттағы ең бірінші тұрған, бұл біздердің ата-аналарымыз. Ата-аналарымызға қызметімізді өтеп болғаннан кейін, келесі кезекте туған-туыс, ағайындарға жасаған жақсылығымыз болады екен. Ал енді оларға өздерінің ақысын бере отырып, көмектескеннен кейін, жетім және кедей-кепшіктер келеді екен. Бұл – Аллаһ Тағаланың мұсылмандарға қойған міндеттерінен екен. Біз осы міндеттерімізбен айналамыздағы жоқ-жітік жетімдерге көмектесіп отырамыз.

Егер қателеспесем, осы аяттағыдай, «жетім» сөзі Құранда 23 жерде келеді екен. Демек, Құрандағы бір сөздің қайта-қайта қайталанып келуі, ол сөздің, істің маңызды болғандығын білдірсе керек. Сондықтан, жетімдерге көмектесу әрбір мұсылманның міндеті болып саналады.

Біздің халықта мынадай бір сөз бар: «Жетімді қуантсаң жерде 70 періште, көкте 70 періште қуанады», деген. Демек, жетімге көмек беру – үлкен бір сауапты істердің бірі. Ал енді, керсінше, егер біз жетімдерге көмек бермей, керісінше олардың ақысын жейтін болсақ, олардың дүние мүлкі болатын болса, сол жетімділігін пайдаланып, дүниесіне қол салып, оларды жұмсайтын болсақ Аллаһ Тағала оның ауыр күнә екендігін, ертен ақіретте оның азабының тым қатты болатындығын Құран Кәрімде бізге жеткізіп беріп отыр. Сондықтан, қаншалықты оларға көмектесу бізге сауапты болатын болса, соншалықты оларға зиян келтіретін болсақ, оның зардабының орасан зор болатындығын Аллаһ Тағала білдіріп отыр.

Енді, мына нәрсеге де көңіл аударғанымыз дұрыс болады. Жетімге көмек беру, оның басын сипау, жақсылық жасау - адам баласының дертіне шипа болатын, жүрегін жұмсартатын амал болып саналады. Өйткені, Пайғамбарымыз ﷺ бір кісі келіп:

«О Алланың Елшісі, менің жүрегім тым қатты. Сол қатайған жүрегімді жібітетін бір амалды үйретіңізші маған», деп айтқан уақытта, Пайғамбарымыз ﷺ: **«Жетімнің басын сипа»,** деп айтқан екен.

Демек, жетімнің басын сипаумен адамның жүрегінің қатып кетуінің арасында бір байланыс бар екендігі деген сөз. Басқа бір хадистерде келеді:

«Жетімнің басын сипаған кезде, оның басында қанша тал шаш болатын болса, сонша періште ол үшін Аллаһ Тағаладан кешірім сұрайды», делінген.

Демек, жақсылық жасау деген сөз – ол біздің дертімізге шипа болады деген сөз. Біз ойлайтын шығармыз, мүмкін біреуге жақсылық жасау арқылы бізден бір шығын шығады, шығынға ұшыраймыз деген ой болуы мүмкін, бірақ, қарап отырсақ, біз жақсылық жасау арқылы шығынға емес, көп пайдаға кенеледі екенбіз.

Жақсылық жасау, кедей-кепшікке көмектесу, жетімнің басын сипау, осындай бір қоғамдағы әлсіз топтарға көмек беру, жүрегіміздің жұмсаруына себепкер болады.

Адамның бұл дүниеде жағдайы өте жақсы, керемет болуы мүмкін. Бірақ, оның жүрегі қатайып тұратын болса, ол сіздің дүние-мүлкіңізден ешқандай пайда болмайды, ол адамға өте ауыр дүние болады. Неліктен деп ойлайсыздар, мұсылман емес мемлекеттердің өзіңде, сол жақта өмір сүретін, дүние-мүлкі, ақшасы бар адамдар кейбір қоғамдық, әлеуметтік жағдайы төмен мемлекетерге барып, солардағы кішкентай балалардың басын сипап, соларға көмек беріп, бетін сүйіп жатады? Өйткені, адамның дүние-мүлкі көп болған сайын, ол бақытсыз болады. Бақытты басқа жақтан іздеу керек. Міне, сол адамдар жағдайы төмен адамдарға көмектесу арқылы, өздерінің жүректеріне бір жылулық силап жатады.

Олай болса, құрметті ағайын, жетімнің басын сипау деген сөзді біз тікелей мағынада түсінбеуіміз керек екен. Ол деген сөз – жетімінің бүкіл жағдайын жасап, соныңда басың сипау деген мағынаны білдіреді.

Аллах Тағала осындай Қасиетті айда жақсы істерді көбейтуді баршамызға нәсіп етсін.

Ермек Көкірекбаев: Дін мен дәстүр

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Ассалаумағалейкум қадірменді қазақ елі. Бүгінгі сіздермен сұхбаттасатын тақырыбымыз – **«Дін мен дәстүр»**.

Дін мен дәстүр - егіз ұғым. Дін бар жерде дәстүр бар, дәстүр бар жерде дін бар. Қасиетті кітабымыз Құран Кәрімде Аллаһ Тағала айтады:

«Кешірім жолын ұстан, және дәстүрді насихатта, ададамдарды ғұрыпқа, жақсылыққа шақырып, бойынды жамандықтан алыстат».

Аттақты имам ибн Ғабидин бір сөзінде айтады: «Ислам шариғатында «әл ғұрф» - ол әдет-ғұрып, ал «әл адат» - әдет». Яғни әдет-ғұрып деген сөз исламда бар нәрсе.

Бір еңбегінде атақты имам Сароқси айтады: «Шариғатқа қарсы келмеген, әдет және ғұрыппен бекітілген нәрсе, шариғатпен бекітілген әмір-тыйымдармен тең».

Демек, біз Қасиетті Құранға, Пайғамбар сөзіне, хадис шарифтеріне қайшы келмеген, кез-келген ұлттың дәстүрі, салт-санасын аламыз, орындаймыз. Біздің ұстанатын дәстүрлеріміз Құран және сүннеттің мәтіндеріне ғалымдардың бір ауыздан келіскен, немесе шариғатта бекітілген нәрсеге қарама-қайшы келмеуі тиіс. Имам Сароқси тағы бір сөзінде айтады:

«Құран мен сүннетке қарсы келген кез-келген салт есепке алынбайды».

Сондықтан да қазақ айтады: «Дәстүрдің озығы да бар, тозығы да бар», деп.

Яғни, қадірлі ағайын, біз – қазақ халқы, адам өмірге анасының жатырына түскеннен бастап, қой сойып, Құдайға сыйынып, аман-есен өмірге келсін, ол дүниеге келсе тағы да құрбан шалып, азан шақырып атын қояды. Некесін қию, ат қою, көрімдік беру деген сияқты көптеген қазақ халқындағы адам өмірге келгеннен бастап, дүниеден өткенше дейін барлық қазақ халқының керемет, атадан қалған, дәстүрлі дінімізбен ұштасып жатады. Бұл – расында бізге, елімізге, ұлтымызға пайдасы өте көп. Себебі, ұлт ұлт болып сақталып қалуы үшін, оның бекем салт-дәстүрі болуы керек.

Салт-дәстүр дегеніміз уақыттан-уақытқа, ұрпақтан-ұрпаққа келіп жалғаса береді. Оның ішінен жақсысын алып, жаманын түзеп отырады.

Біздің қазақ айтады: «Уықты бас құрсақтай, ұлтты дәстүр сақтайды», деген.

Біз кеше, қазақ мың өліп, мың тірілген халықпыз. Ұлт ретінде біз ашаршылықты да, соғысты да, дінімізден кішкене алыстатылып, кеңестік империяның кезінде атеистік идеология біраз уақыт

біздің халқымызды билеген болатын. Сондай қиын кезеңдерді бастан өткерсе де, біздің ұлы дала халқы, кемеңгер қазақ ұлты, дінің жоғалтқан жоқ. Себебі осы біздің дініміз ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрмен сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа аман-есен жетті. Қазақ егеменді ел болып, еңсесін көтерген кезде, қайтадан өзінің мешіттері, медреселері, рухани, діни-танымдық, әдеби кітаптары шығып, «обал болады, сауап болады» деген секілді арақ ішпейтін, темекі тартпайтын, ұлтқа қызмет жасайтын жақсы ұрпақтарды тәрбиелеуге кірісіп кетті.

Елбасымыздың бір сөзінде бар: «Саясат – ол күнде өзгереді. Ал дін – ол мәңгілік».

Біз, егеменді елдігімізді Қиямет күніне дейін аман-есен сақтау үшін бізге ең керек дүние – ата-бабамыздан қалған дін. Мәселен, біздің қазақ айтады: «Таңғы асты тастама, кешкі асқа бақпа», «Нанды бір қолыңмен үзбе», «Үйге қарай жүгірме», деген сияқты. Беташар жасауымыз, біздің тойларымыз, тіпті өлім кезінде де атқарылатын барлық істер біздің дінімізде, шариғатымызбенен ұштасып жатады. Яғни, дін мен дәстүрдің егіздігіне біз бала туылғаннан, ол үйленіп, жайланып, тұрмыс-тіршілігін құрып, о дүниеге қайтқанға дейін, бар өмірдің ішінде дәстүр мен дін осылай сабақтасып жатады.

Қазақтарда дәстүрімізде көрші мәселесі бар. «Көрші ақысы – Тәңір ақысы», «Үй алма, көрші ал», «Өзі тоқ болып, көршісі аш жатса, ол бізден емес», деген секілді хадистерге біздің қазақ халқымыз сүйеніп, көршіге ерекше мән береді. Ата-ананы құрметтеуі, халыққа қызмет етуі, елдің батасын алуы деген сияқты қазақ халқында бізге пайдасын беретін көп дәстүрлеріміз бар. Мәселен, ақиқа, қалжа беру, шілдехана, бесік той, бала емізгендегі де дәстүріміз осы шариғатымызбен ұштасып жатады. Сүндет той, біреуден келіп бата сұрау – бұл да Пайғамбарымыздың ﷺ сүннетінен болып табылады.

Қазақта жеті ата деген мәселе бар. Жеті атадан барып қыз алысуы, қазақтың ішіндегі шежіресі, баланы кішкентайынан еңбекке баулуы, жігіттің сегіз қырлы болуы, оның ішінде бастысы иманды болуы, дінді жетік білуі, харам мен халалды ажырата білуі, адалды ұстануы деген секілді дін менен дәстүрдің керемет ұштастығын көреміз. Яғни, жігіттің жігіті – ол өз нәпсісіне ие болған, нағыз мұсылман. Қызды айттыруымыз, сырға салуымыз, құдалық, той, қалың мал, қыздың жасауы, әмеңгерлік – бұның бәрі шариғатымызда тұнып тұрған, дініміз бен дәстүріміздің біте қайнасып тұрғанының белгісі.

Ораза кезінде ораза ұстауымыз, ауыз ашар беруіміз, пітір беруіміз, зекет таратуымыздың да дінімізбен ұштасып жатқан дәстүр екендігін байқаймыз.

Адам дүниеден өткен кезде, Құранды хатым етуі, қабірді зиярат етуі, «Өліге құрмет, тіріге міндет», ас, садақа беру жолдары да осы дінімізбен ұштасып жатады.

Сондықтан, құрметті ағайын, дінімізде орындау керек болған әрбір нәрсені, Құранға, сүннетке қайшы келмейтін дәстүрді – біз, қазақ халқы, барлығын мойындаймыз, орындаймыз, атқарамыз.

Біз, осы ұлтымызды сақтау үшін, дәстүрімізге, дінімізге берік болайық. Ел аман болсын, жұрт тыныш болсын. Қасиетті Ораза айынан Ораза айынан жете берейік.

Жанболат Сапашов: Уағыз

БЕЙНЕ НҰСҚА | [АУДИО НҰСҚА](#)

Аллах Тағалаға сансыз шүкірлер мен мақтаулар, және Пайғамбарымыз ﷺ болсын.

Құранда Аллаһ Тағала:

«Біз сені тек қана рақым және мейірім Пайғамбары етіп жібердік», дегендей мейірімді Пайғамбарымыз Мұхаммед ﷺ Аллаһ Тағаланың сәлемі мен игілігі болсын.

Мінекей, Рамазанның соңғы күндерінде отырмыз.

Жалпы, Рамазанның соңғы 10 күні бізді тозақтан құтқаратын мейірімді күндері болып есептеледі. Жалпы, Алланың Мейірімі, Рақымы турасында Құранда көптеген жерде, тіпті әр бетте кездеседі десек те қателеспейміз. Аллаһ Тағала Өзінің Рақымды, Мейірімді екендігін айтып кеткен.

Оған дәлел ретінде «Фурқан» сүресіндегі Аллаһ Тағаланың:

«Алла Тағала сондай Аса Кешірімді және Мейірім Иесі», десе, келесі «Әнғам» сүресінде:

«Алла Тағала расында, шынайы Кешіруші және Рақым, мейірім Иесі».

«Кәхф» сүресінде:

«Раббыларын сендердің Аса Кешірімді. Қандай күнә жасасаңдар да, Аллаһ Тағалаға қайтып тәубе қылатын болсаңдар, Аллаһ Тағала кешіреді және Аллаһ Тағала Рақым Иесі», деп Аллаһ Тағала Өзің Құранда осылай сипаттаған.

Басқа бір аятта:

«Аллаһ Тағала Рақым, Мейірімділігімен қалаған пендесін кешіреді».

Аллаһ Тағала өте Рақымды, Мейірімді.

Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһ Тағаланың Рақымдылығы мен Мейірімділігі жөнінде өзінің бір хадистерінде айтады:

«Аллаһ Тағала Мейірімді, рақымды 100-ге бөлді. Соның бір бөлігін жер бетіне түсіріп, қалған 99 Өзіңде ұстап қалды. Міне, сол бір бөлігімен жер бетіндегі барлық жаратылыс бір-біріне рақым етеді. Тіпті жылқының өзі құлыншағын басып кетпейін деп, туған кезде тұяғын көтеріп тұрады. Тіпті хайуанға, барлық жаратылысқа Алланың берген Рақымы, Мейірімі».

Мінекей, бұл Аллаһ Тағаланың жер бетіне түсірген 100 рақымының бір бөлшегі ғана. Ал Аллаһ Тағала Өзіне сол 100-ның 99-ын иелік етіп алып қалған. Яғни, Аллаһ Тағаланың рақымы мен мейірімі шексіз болып есептеледі.

Тағы бір мысал айтатын болсақ, Пайғамбарымыз ﷺ бір күні сахабаларымен көше бойында кетіп бара жатқанда, бір әйелдің баласын қуалап бара жатқанын көреді. Себебі әлгі бала арбаның дөңгелегіне қарай жүгіріп бара жатады. Ана байғұс шырылдап, аналық мейірімділігімен баласының артынан жүгіріп, баланы арбаның астына түсуден аман алып қалады. Сонда, сырттай қарап отырған Пайғамбар мен сахабалары таңғалып, сахабалар Пайғамбарымызға ﷺ сұрақ қояды: «Уа Алланың Елшісі. Мына ана байғұсты қараңызшы.

Баласы үшін шырылдап, жүгіріп барып, баласын арбаның астына түсіп кетуден қорғап жатыр. Баласына мейірімділігі соншалықты. Енді сондай ана өзінің баласын отқа тастай алады ма?», деп сұраған кезде, Пайғамбарымыз ﷺ: «Әлбетте жоқ. Және Аллаһ Тағала бұл анадан да

Мейірімді».

Яғни, қайсыбір пенде Аллаға жалынып, жалбарынып, Алланың Барлығын, Бірілігін мойындап, Аллах Тағаланың тыйғанынан тыйылып, бұйырған бұйрықтарын орындайтын болса, ол пендені де Аллах Тағала ешқашан отпенен азаптамайды, деген секілді Пайғамбарымыздан ﷺ хадис келеді.

Енді, бұл Аллах Тағаланың Мейірімі мен Рақымы болса, жана айтқандай, Аллах Тағала жер бетіне тек бір бөлшегін түсірген. Сол бір бөлшегімен жаратылыстар бір-біріне мейірленеді, рақымын көрсетеді. Және қасиетті шариғатымыз да адамдардың бір-біріне мейірімді болуына шақырады. Пайғамбарымыз ﷺ:

«Кімде-кім рақым мен мейірім етпесе, оған Аллах Тағала тарапынан рақым мен мейірім көрсетілмейді».

Пайғамбарымыз ﷺ бір күні өзінің Хасан деген немересін құшақтап, мейірленіп отырған кезде, алдында Аль Акра ибн Хабис Ат-Тамими деген бір кісі отырады. Сол кісі Пайғамбарымыз ﷺ жасап жатқан ісін көріп, қатты таңқалады.

Себебі, ол кезде ислам жаңадан келген кез. Кейбір арабтар, қауымдар надандық кезеңінен әлі шыға қоймаған. Надандық дәуірінде ата-ананың балаға деген мейірімі өте аз болған, тіпті жоқтың қасы болған. Кейбір әкелер өзінің баласын сүю былай тұрсын, құшақтап, бауырына басуға да арланатын болған .

Мінекей, сондай кезде Пайғамбарымызды ﷺ Аллах Тағала:

«Біз сені рақым, мейірім Пайғамбары етіп жібердік», деп Өзінің Елшісін жібереді.

Сол кезде, әлгі алдында отырған Аль Акра ибн Хабис Ат-Тамими деген кісі Пайғамбарымыз ﷺ жасаған амалын көріп: «Уа, Алланың Елшісі, Алланың атымен айтайын, мен осы уақытқа дейін өзімнің баламды бір бауырыма қысып, сүйіп көрмеген екенмін», деп айтқан кезде,

Пайғамбарымыз ﷺ: «Кімде-кім мейірім екпесе, Аллах Тағала оған Мейірімділік көрсетпейді», деген екен.

Және ,басқа хадистерінде, Пайғамбарымыз ﷺ:

«Жер бетіндегілер бір-біріне рақым етіңдер, мейірім көрсетіңдер. Сол кезде сендерге де аспандағы періштелер рақымын көрсетеді, сендерге мейірімді болады», деген екен.

Тағы бір басқа хадисінде Пайғамбарымыз ﷺ:

«Кімде-кім рақымдылардан болса, Мейірімді болған Аллах Тағала Өзінің Мейіріміне алады», дейді.

Енді бір атақты, әйгілі хадиске тоқтайтын болсақ. Шөл далада, бір ит өлім ауызында жатқан кезде, жөзекше бір әйел жанынан өтіп бара жатып, әлгі итке қарап, иттің олай өлуін қаламай, қасында тұрған құдыққа барып, ыдыс таппаса да, өзінің аяқ киімін шешіп, құдыққа түсіп, құдықтан су алып итке беріп еді, әлгі күнәхар әйелдің өзі, осы жасаған амалы үшін оған тозақ оты харам болды, Жәннәт уәжіп болды, деген Пайғамбарымыз ﷺ.

Мінекей, бұл хадистен алатын пайдамыз, тіпті хайуанның өзіне жасалған мейірім мен рақымның қарымын Қияметте пенде көреді. Тіпті сол бір амалы үшін Аллах Тағала оның бүкіл күнәларын кешіріп, Жәннәтқа кіргізуі әбден мүмкін.

Бірде, Айша анамызға өте жұпыны киінген, міскін, пақыр, өте кедей бір әйел кісі, жетегінде екі қызымен келіп, Айша анамыздан қайыр сұрап, бір жұтым ас сұраған екен. Ол кезде кедей-кепшіктер өте көп болған. Айша анамыз үйінен үш құрма алып шығып, қолына ұстатады. Сол кезде анасы бір құрмасын оң жағындағы қызына беріп, екінші құрманы сол жағындағы қызына беріп, үшінші құрманы жейін деп тұрған кезде, ашыққан қыздар қомағайланып, құрманы бірден жеп, үшінші құрмаға қарап тұрады. Ана байғұс екі қызына қарап, мейірленіп, жаны ашып, өзінің қарны аш болса да, құрманы ортасынан бөліп екі қызына береді. Сол кезде Айша анамыз бұл кісіге қатты таңырқайды. Пайғамбарымыз ﷺ келген кезде осы жағдай жайлы айтады. Сол кезде Пайғамбарымыз ﷺ: **«Алланың атымен айтайын, ол кісіге тозақ оты арам болды да, Жәннәт міндет болды»,** деп айтқан екен.

Құрметті жамағат, біз осындай мейірімді, рақымды, кімде-кімге көрсететін болсақ, осы амалымыз себепті, Алла Тағала біздің бүкіл күнәларымызды кешіреді, тозақ отына арам етеді, және сол амалымызбен бізге Жәннәтты нәсіп қылады. Жоғарыда мысал ретінде мейірім жайлы бірнеше хадистер айтылды. Мысалы, Жүсіп Баласағұн бабамыз сол хадистерді бір өлең шумақ қатарына айтып, тізіп кеткен:

«Кір тигізбей ұстай ойының өрісін,

Мейірім етсең, Мейірімділік көресін», деген екен.

Құрметті жамағат, ұстаған оразаларымыз қабыл болсын. Осы соңғы күндерде барынша бір-бірімізге мейірімді болайық, рақымдылық етейік. Алла Тағала тыңдап білгендерімізге амал етуімізді нәсіп етсін.

Ерсін Әмире: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Ассаламу алейкум уа рахматуЛлахи уа баракятух, құрметті көрермендер, баршаңызға Алланың игілігі, жақсылығы болсын. Алла Тағала тұтқан оразаларыңызды, дұға тілек құлшылықтарыңызды қабыл қылсын.

Мұсылман адам иманға келгеннен кейін құлшылық жасауы керек дейміз. Құдайдың алдындағы құлшылық міндетін орындауы керек дейміз. Құлшылық дегеніміз не жалпы? Ғұламаларымыз құлшылықтың екіге бөлінетіндігін айтады. Адам Құдайдың алдындағы құлшылық міндетін орындауы керек және күнәдан аулақ болуы керек. Енді осы құлшылық, біз орындау керек болған құлшылық екіге бөлінеді екен. Және біз аулақ болу керек болған күнә яғни Алла Тағала тыйым салған істер, олар да екіге бөлінеді екен.

Құлшылық екіге бөлінеді: біріншісі ішкі құлшылық, екіншісі сыртқы құлшылық. Біз мұсылмандар, біз намазхандар құлшылық дегенде көбінесе намаз оқуды, ораза тұтуды, зекет беруді, қажылық жасауды, зікір айту, Құран оқу секілді осындай көбінесе тек қана сыртқы құлшылықтарды түсінеміз. Құлшылық тек қана сыртқы іс әрекеттерден емес, ішкі іс әрекеттен де тұрады екен яғни адамның ішкі жан дүниесіне қатысты да құлшылықтар бар екен. Адам сол құлшылықтарды, сыртқы құлшылықтар мен бірге қоса орындауы керек. Сол кезде оның құлшылығы толық болады. Сыртқы құлшылықтар бұл сіздің ағза-мүшелеріңізбен жасалатын

құлшылық, ал ішкі құлшылық сіздің жүрегіңізге, жаныңызға қатысты құлшылық, ішкі жан дүниеніңізге қатысты құлшылық, жүрегіңізге қатысты құлшылық. Ол қандай құлшылық? Сіздің жүрегіңізде шынайылық болуы керек. Сіздің жүрегіңізде ықылас болуы керек. Сіздің жүрегіңізде кіші пейілділік болуы керек. Сіздің жүрегіңізде адалдық болуы керек. Сіздің жүрегіңізде басқаларға деген махаббат болуы керек, басқаларға деген жанашырлық болуы керек. Мұның барлығы ішкі сіздің жан дүниеніңіздің құлшылықтары болып табылады. Яғни сіз осы құлшылықтарды міндетті түрде орындауыңыз керек. Сіздің жүрегіңізде шынайылық болуы керек, жомарттық болуы керек, сабырлық болуы керек, шүкірлік болуы керек қанағат болуы керек, жанашырлық болуы керек, адалдық болуы керек. Сол кезде сіз ішкі құлшылықтарды орындаған боласыз. Сонымен бірге сыртқы құлшылықтарды орындауыңыз керек намаз, ораза, зекет, қажылық сияқты.

Күнәлар да екіге бөлінеді: жүрекке қатысты күнәлар және сыртқы күнәлар. Жүрегіңізге, ішкі дүниеніңізге қатысты күнәлар қандай күнәлар? Сіздің жүрегіңізде тәкаппарлық болса, жүрегіңізде мен-мендік болса, жүрегіңізде сараңдық болса, жүрегіңізде қатыгездік болса, жүрегіңізде тек қана өзіңіздің жеке басыңызды ойлау болса, жүрегіңізде адамдарға деген жек көру тағы да басқа сондай бір жаман сипаттар болатын болса - сіз жүрек күнәсін жасаған болып табыласыз. Сыртқы күнәлар бар олар: арақ ішу тағы да басқа сондай зина жасау, ұрлық тағы да басқа сондай сыртқы ағзалар мен жасалатын күнәлар.

Алла Тағала Құран Кәрімде **"күнәнің ішкісін де, сыртқысын да тастаңдар"** - деді.

Және бір қызығы ертең Алла Тағаланың алдына барған кезде, Алла Тағала ең бірінші сіздің ішкі жан дүниеніңізге қарайды екен, сіздің жүрегіңізге қарайды екен. Аллаңың назары бірінші жүрегіңізге түседі екен. Сіздің намаз, оразаңызды сұраудан алдын, бірінші Алла Тағала сен ішкі құлшылықтарды орындадың ба? Жүрекке байланысты, жүрегіңде орындалу керек болған құлшылықтарды ақтардың ба, орындадың ба? - деп сұрайды екен. Пайғамбарымыз ﷺ өзінің хадис шарифінде

"Алла Тағала сендердің сыртқы келбеттеріңе, сендердің бағанағы пішіндеріңе, денелеріңе қарамайды. Алла Тағала сендердің жүректеріңе және іс әрекеттеріңе, амалдарыңа қарады" - деді.

Бұл жерде Пайғамбарымыз ﷺ бірінші жүректі айтып тұр, яғни сіздің бірінші жүрегіңіз таза жүрек болуы керек, адал жүрек болуы керек. Сіз намаз оқып жүрсеңіз, ораз тұтып жүрсеңіз бірақ ішіңіз лас болса, ішіңіз әлігі көре алмаушылыққа, мен-мендікке, тәкаппарлыққа толып қалған болса онда сіздің сыртқы құлшылықтарыңызды пайда бермейді. Сыртқы құлшылықтарыңыз пайда бермейді.

Мысал ретінде Пайғамбарымыз ﷺ айтады: **"көре алмаушылық адамның тапқан сауабын яғни сіз сауапты іс істеп, періште сізге сауап жазады ғой. Сол сауаптарды от отынды қалай күйдіріп жоқ қылып жатса, солай жоқ қылып жібереді"**.

Яғни сіз намаз оқыдыңыз да, періште намаз оқыдың деп сауапты жазды, бірақ сіз ішіңізден өзіңіздің мұсылман бауырыңызды көре алмайсыз, туысқаныңызды көре алмайсыз, көршіңізді көре алмайсыз, оның қуанышына қуана алмайсыз, оның қайғысына қайғыра алмайсыз. Керісінше оның қуанышы сізге қайғы, оның қайғысы сізге қуаныш. Егер сіз солай болатын болсаңыз, онда сыртқы намазыңыз пайда бермей қалады, оның сауабы күйіп кетеді. Зекет бересіз бірақ ішкіңізде тәкаппарлық тұр, оның да сауабы күйіп кетеді.

Пайғамбарымыз ﷺ сол үшін де **"адамның денесінде бір кесек ет бар, сол түзелсе дене түзеледі деді, ол бұзылса дене бұзылады деді. Ол жүрек деп, Пайғамбарымыз ﷺ мына жүректің тусын көрсетті"**.

Демек сіздің бірінші жүрегіңіз дұрысталуы керек, жан дүниенің дұрысталуы керек. Жан дүниенің дұрысталмай, ішкі жан дүниенің лас болып жатса, намаз оқып ораза тұтып жүрсеңіз одан еш қандай пайда болмайды. Пайғамбарымыз ﷺ хадисінде осыны айтып жатыр. Жүрегің түзелсе, ол кезде денең түзеледі деді яғни жүрегің дұрыс болса, сен жүректің құлшылықтарын орындасаң, жүректің кінәларінен арылсаң, сол кезде сенің сыртқы құлшылықтарың пайда береді. Сол кезде намазың өз жемісін береді, құлшылығың өзінің жемісін береді, оразаң өзінің жемісін береді және басқа сыртқы күнәлардан арылғаның саған пайдасын тигізеді деді. Сол үшін де ішкі жан дүниесі мен сыртқы көрінісі бірдей болған, сыртымыз қалай таза болса, ішкі жан дүниеміз де, жүрегіміз де солай таза болған құлдардан болайық.

Алла Тағала Құран Кәрімде **"Қиямет күні мал мүлк, бала-шаға пайда бермейді. Кім сау жүрекпен келсе, сол жүрек пайда береді"** - деді.

Яғни ең бірінші жүрегіңізге көңіл бөліңіз. Жүрегіңіздің хәлін қараңыз. Жүрегім қандай хәлде? Жүрегімнің жағдайы қалай? Жүрегім қарайып кеткен жоқ па? Жүрегім қатайып кеткен жоқ па? Жүрегім жұмсақ па, жүрегімде мейірім бар ма? Жүрегімде жанашырлық бар ма? Адамдарға жаным ашыйды ма? Туысқандарымды жақсы көремін бе? Адамзатты жақсы көремін бе? Немесе жеке басымның қамын ғана ойлайтын біреуге айналдым ба? - деп жүрегіңізге көңіл

бөліңіз, жүрегіңізді тазартыңыз, сол таза жүрек пен құлшылық жасаңыз. Сол кезде сіздің құлшылығыңыз пайдасын береді.

Алла Тағала баршамызды ішкі жан дүниесі таза болған және сыртқы құлшылықтарды орындаған, жүрегі мен-мендіктен, тәкаппарлықтан арылған және сонымен қатар сыртқы Алла Тағала тыйым салған күнәлардан арылған өзінің сүйікті құлдарынан етсін. Алла Тағала баршамызға пайдалы білім нәсіп етсін. Білімдерімізге амал етуімізді және сол амалдарымыздың қабыл болуын нәсіп етсін.

© Авторские права на статьи и осуществленные переводы статей из других источников принадлежат сайту Azan.kz.

Убедительная просьба к лицам, производящим копирование и распространение в социальных сетях и иных сайтах любых материалов ресурса Azan.kz, в обязательном порядке указывать активную ссылку на источник.